

Отбасын жоспарлау орталығы – орасан мүмкіндік

2-бет



Саябақтар салтанаты артады

3-бет



Түлектері туған жерді түлеткен

4-бет

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

# ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ СЕЙСЕНБІ, 20 МАУСЫМ, 2023 ЖЫЛ №68 (23 244) www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

● ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ

## «Әділетті Қазақстанды Адал азаматтар құрады»

**Алғашқы құрылтай былтыр маусымда ұлт ұясы – Ұлытауда өткені мәлім. Сол жерде Мемлекет басшысы екінші құрылтайды ер түріктің бесігі болған Түркістанда ұйымдастыруды ұсынып еді. Өткен демалыс күндері қоғам қайраткерлері мен Парламент депутаттары, қоғамдық кеңес мүшелері, ғалымдар мен сарапшылар Түркістанда өткен екінші Ұлттық құрылтайға жиналды. Екі күнге созылған басқосуда елдегі өзекті мәселелер талқыланды. Жиналғандар ой-пікірлерін білдіріп, ұсыныстарын ортаға салды.**

**Жансая ОМАРБЕК,**
«Ortalyq Qazaqstan»



**«Ұлттық құрылтай той емес»**

Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» тақырыбында сөз сөйледі. «Ұлттық құрылтай бұл – арқаны кеңге салып отыратын жиын емес. Сән-салтанатпен өткізетін той да емес. Бабаларымыз маңызды шешім қабылдар кезде немесе елге қатер төнген сын сағатта құрылтай шақырған» деп, жиын маңызы туралы сөз басында бірден айтты.

Президенттің айтуынша, Ұлттық құрылтай – халқымызды ортақ мақсатқа ұйыстыратын бірегей құрылым.

– Мен былтыр наурыздағы Жолдауымда осы құрылтайды шақыру туралы бастама көтердім. Бұл қадам қоғамдық диалогты нығайта түсу үшін жасалды. Сондай-ақ, мұнда ұлттың болашағына ықпал ететін елдік мәселелер талқыланады, – деп атап өтті.

Мемлекет басшысы Ұлытау төріндегі алғашқы құрылтайдан бері өткен бір жылда елімізде конституциялық реформа жасалғанын атап өтті. Өз кезегінде бұл өзгерістер еліміздің алдағы жылдарға арналған бағыт-бағдарымызды айқындап берді.

– Қазақстан осыдан 2-3 жыл бұрынғы, тіпті, бір жыл бұрынғы қалпынан айтарлықтай өзгерді. Біз аз уақытта зор серпіліс жасадық. Бұған ынтымақ-бірліктің және сындарлы қоғамдық диалогтың арқасында қол жеткіздік, – деді Мемлекет басшысы.

Дегенмен, Әділетті Қазақстанды құру министрлер мен әкімдердің ғана міндеті емес екенін де айтты. Оған бүкіл қоғам болып жұмылу керек екенін де ескертті.

– Ал, түпкі мақсатқа жету үшін саяси-экономикалық реформа жасау жеткіліксіз. Ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажет. Халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс. Әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер, – деді ол.

**Геосаяси қауіп сейілер емес**

Президент геосаяси жағдайға тоқталып, әлемде болып жатқан жағдайларға алаңдаушылық білдіретінін жеткізді. Және осы кезең Қазақстан халқының біртұтастығын талап ететінін айтты.

– Біз қазір халықаралық ахуалдың бұрын-соңды болмаған деңгейде шиеленіскеніне куә болып отырмыз. Кейбір ірі елдер өзіне қажетті күн тәртібін басқаларға таңуға, оларды өз талабына икемдеуге тырысуда. Бір-біріне мүлдем қайшы келетін түрлі идеялар мен ұстанымдар қақтығысы белең алды. Бұл қақтығыс геосаясатта немесе экономикада ғана болып жатқан жоқ. Тіпті, мәдениет пен руханиятты, құндылықтар жүйесін, басқаша айтқанда, идеология саласын да шарпуда. Мұның бәрі тұтас мемлекеттердің және халықтардың қауіпсіздігіне зор кесірін тигізуі мүмкін. Халықаралық ахуалдың беталысы көңіл көншітпейді. Сондықтан, Қазақстан Республикасы бұрын-соңды болмаған деңгейде біртұтас болуы керек, – деп қадап айтты.

Ол үшін не істемек керек? Бұл сауалдың жауабын да Президент өзі айтты. Оның айтуынша, «қолға алған саяси-экономикалық реформаларды қоғамдағы терең әлеуметтік-мәдени өзгерістермен қатар іске асыруымыз керек».

– Біз алға үздіксіз қадам басуымыз керек. Елді дамытуға кедергі келтіретін нәрсенің бәрінен арылып, құндылықтарымызды нығайта түсуіміз қажет. Сонда ғана ұлттың жаңа сапасын қалыптастырамыз, сан ғасырлық мемлекеттілігіміздің тұғырын бекемдейміз. Олай болмаса, даму көшінің соңында қалып, ақырында құрдымға кетеміз, – деді. Бұл жолда отаншыл, жасампаз, батыл, дарынды, білімді, озық әрі еңбекқор жандарға аға буын ретінде еңбекқорлық, іскерлік сияқты құндылықтарды үлгі көрсету арқылы дәріптеу керектігін де айтты.

– Отаншылдық, адамгершілік, білімпаздық, нағыз маман болу, үнемшілдік, еңбекқорлық, ел мен жерге жанашырлық сияқты асыл қасиеттер бәрінен биік тұруға тиіс. Осындай ізгі қасиеттің бәрін бойына сіңірген жанды Адал азамат деген бір ауыз сөзбен сипаттауға болады. Шын мәнінде, біз айтып жүрген Әділетті Қазақстанды Адал азаматтар құрады. Бұл – бір-бірімен өте тығыз байланысты ұғымдар. Отанға, отбасына адалдық – парасаттылық пен адамгершіліктің белгісі.

Адал еңбек етіп, адал табыс тапқан адам жетістікке жетеді, құрметке ие болады. Ұлы Абай «Адал еңбекпен мал іздемек – арлы адамның ісі» деген. Ал, арлы адам әділетсіздік жасамайды. Әр салада адалдық басты орында тұрса, әділ қоғам орнайды. Жемқорлыққа жол берілмейді, ел мүддесіне сай шешім қабылданады. Бір сөзбен айтсақ, қоғамдағы ізгіліктің бәрі адалдықтан бастау алады. Ендеше, Әділетті Қазақстан және Адал азамат ұғымдары ел тірегі болатын егіз құндылық ретінде әрдайым қатар тұруға тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Әділетті Қазақстанды құру үшін әрбір отандасымыз адал азамат болуға ұмтылуы керек. Президент ұлттық бірегейлігімізді нығайтып, еліміздің жаңа құндылықтарын орнықтыру мақсатында сегіз бағытты алға тартты.

**Мәселе – көп, тапсырма – сегіз**

Әуелгісі – ұлттық нышандарды жетілдіру. Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік нышандарды жетілдіруді тапсырып, олардан бірегей ұлттық кодымыз айқын көрініп тұруы тиіс екенін айтты.

– Мемлекеттік нышандарды жетілдіру қажет. Қазір кез келген елдің ықпалды болуына ұлттық брендтің әсері мол. Сондықтан, оның танымалдығын арттыра түсу керек. Ол үшін бірыңғай дизайн-кодты, ортақ стандартты сақтау өте маңызды. Нышандарымыз бірегей ұлттық кодымызды нақты әрі айқын көрсетуі керек, – деді Президент.

Мемлекет басшысы алдымен аймақтардың және қалалардың таңбасының мазмұны мен пішіні әркелкілігіне қатысты қоғамда көп сын айтылатынын, сол үшін оларды бірыңғай үлгіге келтіру керектігін айтты. Сонымен бірге мемлекеттік марапаттар жүйесін халықтың жанына жақын әрі түсінікті етіп жасауды, орден-медальдің жұрт көңілінен шығатындай, терең мағыналы әрі ерекше болуын тапсырды.

– Шын мәнінде, ұлттық идеология осындай маңызды шешімдер арқылы қалыптасады, – деп атап өтті.

➤ 2-бет

**ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!**

**2023 жылдың II жартыжылдығына арналған «Ortalyq Qazaqstan» облыстық газетіне жазылу науқаны жалғасуда. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, редакцияда ресімдеуге болады**

**Kaspi.kz арқылы сүйікті басылымыңызға жазылыңыз!**
«Төлемдер» бөлімі → «Іздеу» → «Жазылым төлемі» → Баспа басылымының атауы

| Санаты | «Қазпошта» АҚ каталогы бойынша Қала | |
|---|---|---|
| Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін | 6 айға | 5848,50 тг |
| Жеке жазылушылар үшін | 6 айға | 3100,50 тг |
| | «Қазпошта» АҚ каталогы бойынша Аудан / ауыл | |
| Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін | 6 айға | 5919,00 тг |
| Жеке жазылушылар үшін | 6 айға | 3111,00 тг |

Қарағанды қ., Ермеков к., 33
8 қабат, 88 каб.
Анықтама телефондары:
Руслан – 8-775-482-22-02
Ботагөз – 8-778-846-00-01
Нұрсұлу – 8-705-902-04-05
Тел.: 43-57-89
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

● «АЙБЫН – 2023»

## Жас сарбаздар сап түзеді

**«Жерінің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елдің» ұланы «Айбын» халықаралық әскери-патриоттық жиынға жиналды. Бұл – тоғызыншы рет. 2015 жылы Үкіметтің «Айбын» жиынын өткізу туралы шешімі қабылданғаннан бері «Спасск» әскери оқу-жаттығу орталығы жас сарбаздарды қарсы алуды дәстүрге айналдырған. Жыл сайын осы уақытта еліміздің әр өңірінен жас сарбаз клубтарының тәрбиеленушілері білім мен білікті сынға салады. Тек пандемия кезінде ғана онлайнға көшуге мәжбүр болды. Ал, оған дейін және одан кейін оқу орталығында жас сарбаздар сап түзеді. Биыл жиын тұңғыш рет халықаралық мәртебені иеленді. Өйткені, Әзербайжан мен Өзбекстаннан арнайы келіп қатысушылар бар. Кеше ашылу салтанаты өткен әскери-партиоттық жиын бір аптаға жалғасады. Ашылуына Қарағанды облысы әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, Сенат депутаттары Сергей Ершов, Болат Керімбек, Әлішер Сатыбалдиев, Қорғаныс вице-министрлері Сұлтан Қамалетдинов, Мұхамеджан Таласов қатысты.**

**Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»



Ат үсінде айбыны асатын жұртымыздың сап түзеген әскерін көргенде рухтың атой салатыны анық екен. «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиынында сымдай тартылған сарбаздарға сүйсінген жиналған қауым мұны сезінгені анық. Ұл-қыздың бойындағы Отанға деген құрметті қайрақша қайрап, жігерін жанитын мұндай жиындардың берері мол. Салтанатта сөз алған мәртебелі қонақтардың тілге тиек еткені де – осы.

➤ 4-бет

● МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

## МӘМС берген мүмкіндік

**Қарағанды облысының тұрғындарына КТ мен МРТ зерттеулері қолжетімді бола түсті. МӘМС жүйесі арқылы халыққа көрсетілген консультациялық-диагностикалық қызметтердің, оның ішінде, КТ және МРТ сияқты қымбат қызметтердің саны артты.**

**Жансая ОМАРБЕК,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Оны бір ғана Қарағанды қаласының №1 көпбейінді ауруханасының нәтижелерінен байқауға болады. Былтырғы жылдың бірінші тоқсанында КТ зерттеуден 974 пациент өтсе, екі жыл бұрын осы кезеңде 195 адам өткен болатын. Медициналық ұйымда МРТ зерттеулердің саны екі есеге жуық өсті. 2020 жылы 603 зерттеу болса, 2022 жылы 1145-ке дейін көбейді. Дәрігерлер зерттеулер санының өсуін медициналық қызметтердің қолжетімділігінің артуымен байланыстырды.

– МӘМС енгізілгенге дейін халықтың көпшілігі КТ және МРТ-ны ақылы түрде өткен болатын. Тегін өтуге болатын еді, бірақ, квота саны шектеулі болғандықтан, азаматтардың тек әлеуметтік осал санаттары ғана өтетін. Енді осы және басқа зерттеулер қолжетімді болды, халық оларды МӘМС аясында ала алатынын біледі. Бірақ, бұл жерде кез келген зерттеулер пациенттің қалауы немесе талабы бойынша емес, көрсеткіштер бойынша жүргізілетінін еске салғым келеді. Дәрігер оны бекітілген стандарттар мен диагностикаға, емдеу хаттамаларына сәйкес тағайындайды, – дейді Қарағанды қаласының №1 көпбейінді ауруханасы директорының орынбасары Радмила Габдракипова.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●**EUR/KZT** 487.71 ●**USD/KZT** 447.15 ●**RUB/KZT** 5.33 ●**CNY/KZT** 62.45

Қазақстан Ұлттық Банкінің 19 маусым, 2023 жылғы дерегі бойынша

# «Әділетті Қазақстанды Адал азаматтар құрады»



**(Соңы. Басы 1-бетте).**

Екінші кезекте Президент ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығына тоқталды.

– Дамыған мемлекеттің бәрі толық зерттелген төл шежіресін дәріптеуге айрықша мән береді. Бұл істе ел тарихының көп томдық жинағы басты рөл атқарады. Қазақстан тарихының жаңа ғылыми ұстанымдарға сай әзірленген көп томдық жинағы әлі күнге дейін жарыққа шыққан жоқ. Өкінішке қарай, стратегиялық маңызы бар осы мәселе тәуелсіздік жылдарында толық шешімін таппады. Сондықтан, мен «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаламда осыған арнайы тоқталдым. Қазақстанның академиялық үлгідегі жаңа тарихын жазу туралы бастама көтердім. Бұл жұмысқа еліміздің және шетелдің бір топ ғалымдары жұмыла кірісті, – деді Мемлекет басшысы.

Нәтижесінде ежелгі заманнан бүгінге дейінгі аралықты қамтитын жеті томдық жинақ әзірленген. Жиналған материалға енді стилистикалық және ғылыми редакция жасалуы керектігін айтқан Президент, жинақты бірыңғай үлгіде безендіруді және еңбекте осыған дейін жіберілген тұжырымдамалық қателіктер мен кемшіліктер қайталанбауын, оған соңғы кезде ашылған тарихи жаңалықтарды түгел енгізуді тапсырды.

Сондай-ақ, төл тарихымызда ерекше орны бар тұлғалардың бірыңғай тізімін әзірлеуді жүктеді. Бұл орайда ономастика саласын тәртіпке келтіру маңыздылығына тоқталып өтті.

– Кейбір адамдардың қалауымен жалған өмірбаяны әдейі қолдан жазылған Кеңес дәуірінің қайраткерлері бар. Ондай жасанды тұлғалардың есімін түрлі нысандарға беруді доғару қажет. Жалпы, ономастика саласын тәртіпке келтірген жөн. Бұл шаруа кешенді және дәйекті түрде бір орталықтан атқарылуға тиіс. Ономастика бұл – ата-бабаларымызға байланысты я белгілі тұлғалардың туысқандарының ісі емес. Бұл – мемлекеттің шаруасы. Осы саладағы барлық рәсімдерді іс жүзінде реттеу маңызды, – деді Президент.

Мәдени мұрамызды жан-жақты дәріптеу – Президент айтқан үшінші бағыт.

– Шын мәнінде, қазақтың мәдениеті сан түрлі саланы қамтиды. Халқымыздың ата-бабадан мирас болған мол мұрасы бар. Оны заман талабына сай жаңғыртып, жер жүзіне насихаттау керек. Мысалы, өзіміз іргесінде отырған Қожа Ахмет Яссауи кесенесі бай тарихымыздың символы саналады. Оның ұлт руханиятындағы орны ерекше екенін білесіздер. Осы кесенеге ұлттық мәдени-тарихи ескерткіш мәртебесін беру туралы ұсыныс енгізілген. Мен мұны қолдаймын, – деген Президент биыл Қожа Ахмет Яссауидің туғанына 930 жылдығына орай «Яссауитану» ғылыми орталығын немесе институтын құру мәселесін ұсынды. «Бірегей салт-дәстүрімізді материалдық емес мұралар тізіміне қосуға қатысты жұмысты жалғастыру қажет», – деді.

Төртіншіден, өскелең ұрпақтың тәрбиесіне тоқталды. Оның маңызды екенін айтты.

– Біз ұрпақ тәрбиесіне баса мән беріп, жастарды жақсылыққа жетелеуіміз керек. Бүгінгі интернет дәуірінде бұл оңай шаруа емес. Ашығын айтсақ, қазір жас ұрпақ әлеуметтік желі арқылы тәрбие алып жатыр. Баланы дұрыс бағытқа бұрып, жол көрсетіп отырмасақ, бұл – өте қауіпті үрдіс. Ғаламтор арқылы жат діни ағымдардың құрығына түскен жастар да бар. Ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл – ең алдымен, үлкендердің кінәсі, – деп ашық айтты.

Бұл ретте Президент баланың тәрбиесіне жауапкершілік бірінші кезекте ата-анасына, одан кейін балабақша мен мектепке жүктелетінін айтты. Және бұл мәселеде «ақсап» тұрғанымызды тілге тиек етті.

– Ұрпақ тәрбиесіне ықпал ететін шараларға баса мән беруіміз керек. Бұл салада кемшіліктер көп екені жасырын емес. Мектептегі тәрбие жұмысы ақсап тұр. Соңғы кезде оқушылардың бір-біріне қысым, зорлық-зомбылық, әлімжеттік көрсетуі жиі болып кетті. Оны, тіпті, бейнетаспаға түсіріп, әлеуметтік желіге салу «сәнге» айналды. Кейде балалардың қатыгездігі жан түршіктіреді. Отбасындағы зорлық-зомбылық қоғамдағы тағы бір келеңсіз және өзекті мәселе болып тұр. Мұндай заңсыз әрекет жасағандар міндетті түрде заң аясында тиісті жазасын алуы керек, – деді Президент.

Балалар мен жасөспірімдерді патриоттық, экологиялық тәрбие берудің маңыздылығына да тоқталды. Жас ұрпаққа нағыз еңбек адамын насихаттау, түрлі ойындарға құмар болудан сақтандыру, нашақорлық пен вейп және түрлі электронды темекілердің зиянын түсіндіру қажеттігін баса айтты.

– Мектепте оқушылардың тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін дәрістер оқытылуға тиіс. Жастар ақпаратты қорыта білуді, уақытын дұрыс пайдалануды, қаржы сауаттылығын мектеп қабырғасынан біле бастауы қажет, – деді ол.

Ақпарат саясатының тиімділігін арттыру – бесінші бағыт. Қасым-Жомарт Тоқаев ақпарат саясатының тиімділігін арттыру, креативті индустрияны дамытуға баса назар аударған жөн деп санайды. Масс-медиа – елімізді жаңғырту ісіне ерекше ықпал ететін сала, билік пен қоғам арасындағы байланыс құралы екенін айта келіп, осы саладағы мәселелерді шешу үшін ақпарат саясатын түбегейлі қайта қарау қажеттігіне тоқталды.

– Қазір батыс елдерінде «анти-инфлюенсер» деген қозғалыс бірте-бірте қалыптасып жатыр. Бұл қозғалыс интернет басылымдар арқылы азаматтарға, жастарға тарайтын барлық ақпаратқа, деректерге, әсіресе, жалған мағлұматтарға зор күмәнмен қарайды, яғни адамдардың санасын жаулап жатқан, тіпті, оларға имандай сенуге болатын идеология секілді құбылыстарды жоққа шығарады. Біздің елімізде де жалған ақпарат тарататын басылым-сымақтар бар, – деді Президент.

Сонымен қатар, идеологиялық маңызды құрал – кітап екенін айтып, «Балалар кітапханасы» атты жаңа бағдарламаны қолға алуды тапсырды. Ол үшін қазақ әдебиетінің түрлі кезеңдерін және жанрларын қамтитын арнайы тізім жасалып, сол тізімдегі кітаптар барлық балаға қолжетімді болады. Одан бөлек, қоғамның сана-сезіміне ерекше ықпал ететін кино өндірісі туралы да айтылды. Бұл саланы да реформаландыру қажеттілігін айтты.

Алтыншыдан, мемлекеттік саясатта талдау, сараптама жасау қызметі сапалы жүргізілуге тиіс екенін айтты. Президенттің айтуынша, қоғам тынысы әрдайым назарда болуы керек. Шешім қабылдағанда жұрттың ұсыныс-тілектерін, пікірін ескеру қажет.

– Барлық құзырлы органдар осындай тәсілмен жұмыс істеуге міндетті. Мен мұны үнемі айтып жүрмін. Түптеп келгенде, бұл – тұрақтылық пен тыныштықтың, өсіп-өркендеудің кепілі. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының мән-маңызы, өзегі – осында, – деген Президент мемлекеттік «ақыл-ой орталықтарының» қызметі көңіл көншітпейтінін, бір-бірінің жұмысын қайталайтынын айтты.

– Бізге сараптау-талдау қызметін тиімді жүргізетін мықты орталықтар желісі қажет. Бұл құрылымдар сапалы әрі сұранысқа ие интеллектуалды өнім ұсынуға тиіс. Еліміз идеологиялық дербестігін сақтау үшін мұның айрықша мән-маңызы бар. Сараптама орталықтары еліміз егемендік кезеңінде жүріп өткен жолдың әр бағытын зерттеуге тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Шекаралас аймақтарды дамытуды стратегиялық маңызы бар мәселе деп атаған Мемлекет басшысы оған айрықша тоқталды. Жердің шетелдіктерге сатылмайтынын тағы бір мәрте қайталады.

– Түрлі дақпыртқа сеніп, жұртты дүрліктіретін жалған ақпарат таратуды доғару керек. Біз бабалар аманатына әрдайым адал боламыз. Шетелдіктерге қазақтың бір қарыс жерін де, бір уыс топырағын да бермейміз. Оны көздің қарашығындай сақтаймыз, – деген ол шекаралас аймақтарды дамыту маңыздылығына тоқталды.

– Шекара маңындағы елді мекендердің ахуалы жеріміздің тұтастығына және еліміздің амандығына тікелей ықпал етеді. Шын мәнінде, бұл – стратегиялық маңызы бар мәселе. Өкінішке қарай, шекара шетіндегі кейбір елді мекенде халық саны күрт азайып кетті. Бұған бір кездегі аудандарды біріктіру жөніндегі шешімдер де ықпал еткені сөзсіз.

Облыстардың ішкі аумақтық-әкімшілік құрылымында ойланатын тұстар бар. Біз былтыр Абай, Ұлытау және Жетісу облыстарын құрдық. Бұл шешім аймақтардың дамуына тың серпін берді, – деді Президент.

Бұл орайда Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік тіл мәселесіне де тоқталып өтті. Қазақ тілі барша Қазақстан халқын ұйыстыратын басты құндылықтың бірі ретінде дами беретінін атады.

– Бұған ешқандай күмән болмауға тиіс. Ең бастысы, тіл саласындағы біздің бағдарымыз – айқын, баршаға түсінікті, – деді Президент.

Сегізінші бағыт мемлекеттік аппараттың жұмысына қатысты болды. Президент ол салада біраз сын-пікірлер барын білетінін және оның басым көпшілігі орынды екенін айтты.

– Қазіргі таңда біз мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту үшін нақты шаралар қабылдап жатырмыз. Негізгі міндет – жергілікті өзін-өзі басқаруды күшейтіп, мемлекеттік қызметшілерге көбірек дербестік беру, – деді Мемлекет басшысы. Және басшылық құрамды жаңарту жұмысы жалғасын табатынын жеткізді.

– Мемлекет басшысы ретінде айтарым, министрлердің, әкімдердің және басқа да мемлекеттік қызметшілердің бойында негізгі екі қасиет болуы керек. Бұл – профессионализм, яғни нағыз маман болу және отаншылдық. Ал олардың Президенттің жеке басына адалдығы мен үшін маңызды емес, – деді Қ.Тоқаев.

Жиынды Мемлекеттік кеңесші, Ұлттық құрылтай төрағасының орынбасары Ерлан Қарин жүргізіп отырды. Құрылтай мүшелері атынан Қолданбалы экономика зерттеулері орталығының ғылыми жетекшісі, белгілі қоғам қайраткері Жақсыбек Құлекеев, Қазақстанның Еңбек Ері Вадим Басин, «Қазақстан Заңгерлер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Серік Ақылбай, Парламент Мәжілісінің депутаты Жұлдыз Сүлейменова, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры, белгілі өнер қайраткері Азамат Сатыбалды сөз сөйледі. «Қоғамдық консолидация», «Мәдениет. Өнер. Руханият», «Білім және ғылым» жұмыс секциясы бойынша мәселе көтеріліп, шешу жолдары ұсынылды.

– Бүгін мен ұсынған бастамалар – алдағы ауқымды жұмыстың бір бөлігі ғана, – деп атап өткен Президент биылғы құрылтайдың сипаты – өзгеше, мазмұны да ауқымды екенін тілге тиек етті.

– Бірнеше тақырып бойынша жан-жақты, қызу талқылау болды. Құрылтайға қатысушылар Үкімет мүшелерімен пікір алмасты, ойларын ортаға салды. Тың бастамалар көтерді. Президент Әкімшілігі соның бәрін мұқият зерделейді. Ортақ бір тұжырымды әзірлейді. Салмақты ұсыныстар алдағы жұмыс кезінде міндетті түрде ескеріледі, – деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

# Отбасын жоспарлау орталығы – орасан мүмкіндік

Денсаулық

**Қарағанды облыстық клиникалық ауруханасында соңғы үлгідегі техникамен жабдықталған отбасын жоспарлау және репродуктивті денсаулық орталығы ашылды. Мұнда хирургтер жоғары технологиялық операциялар жасайды. Өңірде лапароскопиялық операциялардың саны екі есе артқан. Енді қарағандылықтар ота жасату үшін Астанаға барып әуре болмайды.**

**Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев клиникаға барып, жаңартылған палаталар мен ота жасау бөлмелерін көріп, танысты.**

**Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»



Отбасын жоспарлау және репродуктивті денсаулық орталығында генетик, онкомаммолог, уролог және т. б. бейінді мамандар қабылдау жүргізеді. Пациенттер қажетті кеңес пен емдік көмек алады. Орталықта босануға дайындық мектебі де бар.

Хирургиялық орталық еуростандарттар бойынша жабдықталған. Палаталар бір және екі орынды, кең әрі ыңғайлы. Әрқайсысында заманауи функционалды кереуеттер, SOS қоңырау түймелері бар. Енді палаталарды кварцтаудың қажеті жоқ: желдету және ауаны тазарту жүйесі орталықтандырылған. Науқастарды тасымалдауға арналған каталкалар заманауи үлгіде жасалған. Бекеттегі медбикелер экран арқылы барлық палаталарды көріп, бақылау үшін және төтенше жағдайларда жедел әрекет ету үшін бейнебақылау жүйесі жабдықталған.

Орталықта мүмкіндігі шектеулі пациенттер үшін жеке VIP-палата, сонымен қатар, жайлы палаталар аймағы бар.

– Аурухана ғимараты 1960 жылы салынған. Күрделі жөндеу кезінде тарихи келбеті сақталды. Қасбеттің бұрынғы қалпы сақталды, ал ішкі бөлімшелер жаңа үлгідегі техникамен толығымен жаңартылды. Хирургияның жүрегі – операциялық блок. Мұнда бәрі жаңа, еуростандарт бойынша. Таза бөлмелер кешені, 3D форматындағы заманауи операциялық тірек. Ең ұсақ бөлшектерді басқаратын нанотехнологиясы бар ауаны тазарту жүйесін алғаш рет қолданып отырмыз. Бұл бактериялардың пайда болуына жол бермейді, – деп атап өтті директордың медициналық бөлім жөніндегі орынбасары Ринат Гатин.

Жаңа жабдық Қарағандыда трансплантологияны дамытуға мүмкіндік береді.

Суретті түсірген
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

# Сервис сапалы болу керек

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

**Облыста туристік саланың даму қарқыны – әсте-әсте. Бұған әлеуеті бар облыстың негізгі туристік орталықтары – Қарағанды қаласы, Қарқаралы ауданы, жағажай туризмін дамыту орталығы – Балқаш көлінің жағалауы. Мемлекет басшысының 2022 жылғы 5 қазандағы Қарағанды облысына жұмыс сапары барысындағы тапсырмасына сәйкес, туристік инфрақұрылымды дамыту мәселелері Балқаш қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспарының жобасына енгізілген. Облыс әкімдігінің кезекті аппараттық кеңесінде құзырлы мекеме өкілдері аймақ басшысына ағымдағы ахуал жайлы баяндады.**

**Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Былтырғы деректер облыс 360 мыңнан астам туристі, оның ішінде 16 мыңға жуық шетелдіктерді қабылдағанын айғақтады. Биыл сандар еселенеді деп күтілуде. Мақсатқа жету жолында демалыс орындары абаттандырылып, Алматы мен Астанадан Балқашқа күнделікті рейстер ұйымдастырылды. Мұнымен бірге, облыс тұрғындарының өтініші бойынша «Қарағанды-Балқаш» пойызының вагондар саны едәуір артқан.

Аппараттық жиында туризмді дамыту туралы кәсіпкерлік басқармасының басшысы Дастан Құдабаев баяндады. Оның айтуынша, Балқашта 68, Қарқаралы ауданында 15 демалыс орны бар.

– Туризмді дамытудың негізгі нүктелері – Балқаш курорттық аймағы мен Қарқаралы ұлттық табиғи саябағы. Балқашта абаттандыру, инфрақұрылымды дамытып, туристер қош көрерлік жағдайды жақсарту мәселелері үнемі бақылауда. Бертіс шығанағындағы туристік нысандарға электр желілерін тарту, су және кәріз жүйесімен қамту жұмыстары аяқталды. Биыл қала жағалауын абаттандыру жұмыстары басталды, – деді Дастан Құдабаев.

Шілде айында Балқашта JasArtsFest музыка фестивалі мен мүмкіндігі шектеулі жандардың қатысуымен «Рух желкендері» регатасының өтуі жоспарланған.

Қарқаралы өңірінде де туризм саласын дамытудың Жол картасын әзірлеу басталды. Кәсіпкерлік басқармасы басшысының айтуынша, бұл іспен Урбанистика орталығы айналысуда.

– Жол картасында Қарқаралы бөгетінің іргелес аумақтарын, Қаратөбе учаскесіндегі тоғанды абаттандыру, Қарқаралыдан Бұғылы шатқалы мен Үлкенкөл курорттық аймақтарына электр желілерін, автомобиль жолын, су құбыры мен кәріз жүйесін тарту жұмыстары қарастырылған, – дейді спикер.

Қала маңындағы туризмді дамытуға да көңіл бөлінуде. Қарағандының төңірегінде азаматтардың бос уақытын өткізетін 75-ке жуық орын бар. Демалыс күндік турлар бар. Абай ауданы, Топар ауылындағы қоғамдық жағажайды жабдықтау жоспарлануда.

Биыл Балқашта, Қарқаралы, Бұқар жырау және Нұра аудандарында туризм саласында сегіз инвестициялық жоба жүзеге асырылуда.

– Туристік әлеуетті дамыту үшін жол бойындағы сервистік нысандардың жетіспейтін инфрақұрылымын дамыту қажет. Демалушылардың қауіпсіздігіне ерекше назар аударған жөн, – деп түйіндеді сөзін облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

● ҚАЛА ТЫНЫСЫ

# Саябақтар салтанаты артады

**«Қазақстанның ең таза қаласы» дегенде ойымызға алдымен еліміздің ең ірі 20 шаһарының ішінде Қарағанды емес, Қостанай қаласын жиі атап жатамыз. Кейінгі сараптамалық зерттеулер мен түрлі сауалнамалар нәтижесі де осы сөзімізді растайды. Ащы да болса, шындық. Семей, Алматы, Қарағанды, Теміртау қалалары ең лас дейтін баға алуда.**

**Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Не дегенімізбен, биыл қала қонақтары мен тұрғындарын екі жаңалықпен ғана қуантуға болар. Біріншісі, бес жылдан бері істен шыққан қала аумағындағы субұрқақтар жөндеу жұмыстарынан өтіп, қаланың әрін кіргізді. Екіншісі, Қарағандыда жерасты өткелдері ретке келтірілуде. Көптен күткен екі жерасты өткеліне – Орталық әмбебап дүкені мен Кеншілер мәдениет сарайы маңына күрделі жөндеу басталып, заманауи қалыпқа келтіріле бастады.

Қаланың қос аудан әкімдері биылға абаттандыру жайлы «ләммим» дей қоймады. Әсілі, тұрғындар пікірін бажайлаған болу керек. Былтыр Қазыбек би атындағы ауданның 13 ауласында кешенді абаттандыру жұмыстары жүргізілген. Яғни, аулаішілік жолдарды жарықтандырумен және асфальттаумен қатар, балалар алаңы орнатылды.

Әзір тұрғындардың қала орталығын абаттандыру ахуалына «бестік» қоюға қолы бармай тұр. Арнайы сауалнама жүргізгенімізде олар «Бұрын Қарағанды – жасыл қала болатын, бүгін жасылдандыру шаралары көпе-көрнеу көзбояушылыққа айналып кеткендей», «Қарағандыда кез келген абаттандыру жұмысы алдымен ағаш кесуден басталады» дейді жарыса.

– Қарағандының орталық көшелері көзге таза болып көрінгенімен, жаяу жүргіншілер жүретін жолдар бейберекет қалпында қалып жатады. Оның себебі – біреу. Әдетте көлік жолдарын арнайы техника тазалап өтеді. Тазалайтын дөңгелек «сыпырғышы» жол жиегіндегі қорда шаңның көбін жиекжолдарға шашып кетеді. Онан соң қайырылып келіп, жаяу жүргіншілер жолына мән беріп жатқан жан баласы жоқ. Бұл үдеріс маңайдағы жасыл желекке де зардабын тигізуде. Мұндай «тазалық амалдарының» тұрғындарға қандай пайдасы бар? – дейді қала тұрғыны Елдос Қайыр сұраулы жүзбен.

Саябақтарды абаттандыру жаз мезгілінде көбіне көп «Жасыл ел» сарбаздарының күшімен жүзеге асып жатады. VIII шақырылған Қарағанды қалалық мәслихатының кезектен тыс IV сессиясында бірқатар тұрғын үйлердің, магистральдық желілердің, нөсерлі кәріз объектілерінің құрылысын аяқтауға, сыртқы жарықтандыруға, контейнерлік алаңдар мен аула аумақтарын паспорттауға қосымша қаражат көзделгені хабарланды.

Қала шетіндегі қараусыз қалған саябақты қалпына келтіру де қолға алыныпты. Пришахтинск саябағы ұзақ уақыт бойы қараусыз қалып, құлдырап кеткен еді. Бюджеттен абаттандыруға қаражат бөлініп, жаяу жүргіншілер жолдары салынып, спорт және ойын алаңдары орнатылмақ.


Коллажды жасаған **Айбек РАХЫМЖАН**

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жұмыс сапары барысында Әлихан Бөкейхан ауданының тұрғындары үшін қандай жағдай жасалып жатқанын өз көзімен көрді.

23-ші шағын аудандағы саябақта ескі қоршау алынып, жарықтандыру қалпына келтіріледі. Қазір арнайы техника жаяу жүргіншілер жолына негіз дайындауда. Содан кейін тастөсем төселіп, сәкілер мен қоқыс жәшіктері орнатылады. Саябақтың ортасында бұрын жергілікті тұрғындар жиналғанды ұнататын үлкен алаң болған. Бұл жер де абаттандырылады. Сондай-ақ, футбол және баскетбол ойындарына арналған алаңдар, балалар ойын кешендері салынбақ.

Жасыл желек қамқорлық күтеді. Тек қурғақ шөпті орып, демалыс орнын арамшөптер мен қурап қалған өсімдіктерден тазалау қажет. Қарағанды қаласының әкімі Мейрам Қожуховтың айтуынша, болашақта саябақта пикникке арналған аймақтар жабдықтау жоспарлануда.

– Бірде-бір ағашты кесіп тастауға жол бермейміз, жасыл желек жайқалып тұрғаны маңызды. Қурап қалған өсімдіктерден арылуға көмектесетін мамандарды шақырыңыздар. Жұртшылықпен бірге жұмыстың сапасын бақылаңыздар. Бұл саябақ Пришахтинск тұрғындарының сүйікті демалыс орнына айналуы үшін қолдан келгеннің бәрін жасаңыздар. Болашақта аттракциондар да пайда болуы керек, бизнес өкілдерін тартыңыздар, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Мұнымен бірге, Пришахтинскіде шығармашылықты дамыту орталығы салынады. Облыс әкімі құрылыс алаңында болып, мердігер ұйымның басшысымен сөйлесті. Ол «әзір еш кедергі жоқ» деп сендіріп, құрылыс басталуға жақын екендігін хабарлады.

Аталған нысан ендігі жылы тапсырылуы тиіс. Екі қабатты ғимаратта жасөспірімдерді жан-жақты дамыту үшін музыка, сурет, сәулет, теледидар және фото студиялары, робототехника зертханасы, экологиялық орталық, ең қажет нәрсенің бәрі қарастырылған.

Аймақ басшысы Сұрыптау шағын ауданына да ат басын тіреп, мұндағы Теміржолшылар мәдениет үйінің жанындағы саябақты абаттандыру жоспарын пысықтады. Тұрғындар қала билігінен бұл аумақты жақсартуды сұраған. Осы жазда қырлы тас төселіп, жүгіру және веложолдар салынып, спорт алаңдары мен ойын кешендері орнатылады.

Қалаішілік жолдарды жөндеу жұмыстарының қарқыны баяу көрінгенімен, ықтияттылыққа мән берілгендей. Бұл орайда жол сапасына қатысты тұрғындар тарапынан айтылып жатқан ескертпелердің орынды екенін атап өткен абзал. Осы жылы ұзындығы 70 шақырымнан асатын 50-ден астам көше жолдарын орташа жөндеумен қамту көзделген. Қазір тиісті жұмыстар тоғыз учаскеде жүргізілуде. Бүгінде орташа жөндеу жұмыстары Республика даңғылы, «Федоровский» өткелі, Бұқар жырау даңғылы Ермеков көшесінен Н.Әбдіров даңғылына дейін бастау алмақ. Жолдарды қалыпқа келтіру жұмыстары Е.Бөкетов (Мұқанов көшесінен Үштөбеге апаратын автожолға дейін), «Үлкен Михайловка» станциясы ауданындағы теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілер өткелі, Ғарышкерлер көшесінің 3 шақырым жол учаскесі қайта жаңартылуда. Сондай-ақ, Пичугин көшесіндегі жолды күрделі жөндеу жоспарлануда. Бұқар жырау даңғылының Дүйсембеков көшесінен Гончарная көшесіне дейінгі автожол учаскесі ашылады.

– Жол жөндеуге байланысты орын алып отырған қолайсыздықтарға түсіністікпен қарауларыңызды сұраймын. Мәселе тікелей бақылауымда, – дейді аймақ басшысы.

**ҚАРАҒАНДЫ**

# Сары қымыз сапырған Сарытерек

**Ақтоғай ауданы Сарытерек ауылдық округінде «SAQ NS» шаруашылығында қымыз өндіретін цех ашылды. Салтанатты шараға аудан әкімі Руслан Кенжебеков қатысып, ауыл тұрғындарын құттықтады. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып жатқан кәсіпкер Нұрым Мұхамедиевке ризашылық білдіріп, Құрмет грамотасын табыстады.**

**Нұрдос КӘРІМ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Жобаның негізгі бағыты – қымыз өндіру. Серіктестік бүгінде шаруасын дөңгелетіп, табысын еселеп келеді. Дәмі бал татитын қымызына деген сұраныс тіптен көп. Арнайы тапсырыспен алдыратындар да жетерлік. Қазір серіктестік жалпы саны 200 сауын биеден күніне 1000 литр қымыз алып отыр. Алдағы уақытта бие басын көбейтумен қатар, ет өнімін шығаруды жоспарлап отыр. Сондай-ақ, сиыр сүтін өндіріп, өткізу мақсатында «Natige» ЖШС-мен меморандум жасалған.

Шаруа жайымен бізді осы иеліктің басшысы Нұрым Сейілханұлы таныстырды. Жоғарыда жоспарланған бағдарламаның біразының іске асқанын көрдік. Қымыз өңдеу цехын аралағанда, кішігірім зауытты көргендей болдық. Сауылғаннан бастап, құтыға құйылып, дүкенге түсетін қымыз тауарға айналғанға дейінгі процесті қамтитын үлкен жүйе – неміс технологиясына сүйенеді екен. Адамның араласуын қажет етпейтін, айнадай жарқыраған өңшең автоматты құрылғылар. Қымыз толтырылатын заманауи күбі де автоматты түрде жұмыс істеп тұр. Шаруашылықтың бие сауудағы бір ерекшелігі бұрынғыдай құлын салып идіріп, уақыт жоғалтпайды. Алдына жем қойылған орынға кіргесін, сауыла береді. Осылайша, бие күніне бес рет сауылады. Одан әрі сүт қымыз ашытылатын арнайы ыдыстарға құйылады.




– Халқымыз жеті атасы ішкен жеңсік асы қымызды жақсы көреді. Осы жерде қымызды барлық бабымен пісіп, автоматты түрде бір жарым литрлік ыдысқа құяды. Саудаға шығаруға дайын күйінде қорап қағазға түседі. Бағасы да қымбат емес, қалтаға салмақ салмайды. Тап осы технологиямен сиыр сүтін де өңдеп, құтыға құюға болады. Қымызды халықаралық нарыққа шығарып, әлемге таныту үшін жаңа технологияларды қолданып отырмыз. Кәсіпкерлерді қолдайтын мемлекеттік бағдарламалардың болғанына қуаныштымыз. Көштен қалмайық десек, қымыз өндіру цехында жоспарланған игі бастама сөз жүзінде қалмай, жүзеге асса деген тілек бар, – дейді «SAQ NS» шаруашылығының басшысы Нұрым Мұхамедиев.

ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ – БАЯНДЫ БОЛАШАҚ БАСТАУЫ

Айта кетейік, бұл жылқы шаруашылығымен атағы шыққан аудандағы алғашқы қымыз цехы. Болашақта Сарытеректің сары қымызына деген сұранысты арттыру мақсатында бірқатар жұмыстарды жоспарлап отыр.

**Ақтоғай ауданы**

● ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

# Студенттің мүмкіндігі молайды

**Қарағанды медицина университетінің жаңа жатақханасы қолданысқа берілді. 400 адамдық студенттер үйі бұрынғы облыстық балалар клиникалық ауруханасы аумағында орналасқан.**

**Жансая ОМАРБЕК,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Жатақхана құрылысын оқу орны өз қаражатына салды. Ғимаратта сабақ оқуға, демалуға арналған арнайы бөлмелер, екі жаттығу залы, екі теннис залы бар. Жертөлені қоса алсақ, ғимарат 10 қабатты. Барлығы 104 блоктың әрқайсысында жеке жуынатын бөлме, азық-түлік сақтауға арналған тоңазытқыш камерасы, қажетті деген барлық жиһаз да бар. Бір блокта екі адамға екі бөлме қарастырылған. Сондай-ақ, әр қабатта екі ас үй мен кір жуатын орын да жасалған.



Жатақхананың бірінші қабатында акт залы, демалыс бөлмесі, сабаққа арналған бөлме, асхана, дәрігер, әдіскер мен персоналға арналған бөлме және изолятор бар. Мұнда мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған үш лифт пен арнайы көтергіштер де бар екенін айта кеткен орынды.

Ғимараттың іші ғана емес, ауласы да әдемі. Ол толығымен абаттандырылған. Университеттің баспасөз қызметі мәлімдегендей, ғимараттың жалпы ауданы – 8290,35 м2. Бұл – оқу орнының жетінші жатақханасы.

● ӘКЕЛЕР КҮНІ

# Алғашқы челлендж

**Маусымның үшінші жексенбісінде Қазақстанда алғаш рет Әкелер күні аталып өтті. Осыған орай Қарағанды қаласында челлендж ұйымдастырылды. Челлендж бойынша әр адам әкесіне деген ыстық лебізін, сүйіспеншілігі мен алғысын және әкесі туралы шағын естелік жазып, #МенiңӘкем-МенiңКейiпкерiм #МойОтец-МойГерой хэштегтерімен жариялау болды. Челленджідің бастамашысы – Қарағанды қаласының әкімдігі.**

Адам өміріндегі әке орны әрқашан қымбат. Биыл еліміздегі мерекелік күндер тізбегіне маусымның үшінші жексенбісі Әкелер күні болып енгізілді.

Челленджге қала тұрғындарының көпшілігі белсене қатысты. Соның бірі – бокс жаттықтырушысы Сәндібек Сақтанов. Ол челленджідің талабына сай әкесі туралы шағын естелік жазып, бейнежазба түсірді. Сонымен бірге, 73 мектеп мұғалімі Жарылқасын Жұбандық челленджге қатыса отырып, әкесіне арнап ән айтты.

Қасымхан Бегманов, Кенжебай Ахметов, Аманжол Әлтаев, Ақберен Елгезек сынды танымал тұлғалар да әкесін еске алып, әсерлі естеліктерімен бөлісті.

Челленджге мектеп оқушылары да қатысты. Олар хэштегтер арқылы әкелеріне деген жылы лебізін жеткізіп, алғыс айтты. Бірі бейнежазба түсірсе, бірі әкесіне арнап шағын пост жазған. Алайда, бұл күннің Әкелер күні екенінен хабары жоқ адамдар челленджге сәйкес салынған әлеуметтік желілердегі хэштегпен салынған постты қате түсініп, қатысушы адамдардың әкелеріне қайғырып, көңіл айтқан. Бірақ, кейін бұл күннің осы жылы Әкелер күні болып бекітілгені туралы біліп, челленджді жалғастырды.

**Алданыш ОЛЖАБАЕВА,**
**Е.Бөкетов атындағы**
**Қарағанды университетінің**
**II курс студенті**

# Әке мен балаға арналған күн

**Әкелер күніне орай Қарағанды қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімі «Шахтер» стадионымен бірлесіп, Майқұдық саябағында «Әкелер мен балалар» спорттық іс-шарасын ұйымдастырды. Балалар әкелерімен бірге шағын футбол ойнап, қызыққа толы сәттерді басынан өткерді.**

**Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

«Әкелер мен балалар» іс-шарасы бойынша әкелер мен балалардың қатысуымен шағын футболдан турнир және салмақ көтеру бойынша «Ең күшті әке» жарысы өтті. Аталған шара ата-аналар мен балалардың бос уақытын бірлесе ұйымдастыру, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ұйымдастырылды. Жарысқа аула клубтарының балалары мен олардың ата-аналары қатысты.

– Биыл Әкелер күні алғаш рет тойланып отыр. Елімізде бұл күнді атап өту жақсы дәстүрге айналып келе жатқандай. Осындай мерекелер отбасы құндылығын нығайтып, бала мен әке арасындағы сыйластықты арттыруға сеп болады деп ойлаймын. Мерекеге орай саябақта шағын футбол ұйымдастырылып, төрт команда қатысты. Балалар мен әкелер қатысқан жарыс өте көңілді өтті. Бір командада 5 бала, 2 әке ойнады. Шағын футболда төрешілік еттім. Мұндай шаралар әрбір мерекеде ұйымдастырылып тұрады, – деді спорт әдіскері Аян Иманғалиев.



Шағын футболда ептілігімен көзге түскен «Восток» жасөспірімдер клубы I орын алды. Ал II орын «Мұрат-1» клубына бұйырса, III орын «Мұрат-2» клубына берілді.

Қатысушыларға диплом мен түрлі сыйлықтар табысталды.

Айта кетейік, 17-19 маусым аралығында қаланың аула клубтарында әкелер мен балалардың қатысуымен «Менің әкем ең жақсысы!» атты конкурстық бағдарламалар өтті.

● Ә.САҒЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНЕ – 70 ЖЫЛ

# Түлектері туған жерді түлеткен

**Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті еліміздің дамуына елеулі үлес қосып келеді. Жоғары техникалық білім беру ісінде әлеуеті зор облыстағы ғылыми-техникалық білім ордасының ашылғанына 70 жыл толды.**

**Сағыныш ӘБІЛ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Алғаш рет талапкерлерге 1953 жылы есігін айқара ашқан білім ордасы – өңірдегі жетекші жоғары оқу орындарының бірі. Қарашаңырақ түлектері бүгінде әлемнің әр түпкірінде еңбек етеді. Қазақстанның ғылымын дамыту мақсатында тың жаңашылдықтарға жол ашып келеді.

Бүгінгі мерейтойын салтанатты жағдайда атап өткен университет ұжымы бәсекеге қабілетті мамандар даярлау саласындағы озық жетістіктерін үлгі ете отырып, тағы бір ерекше кезеңге қадам басты.

Салтанатты жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың университеттің өзіндік ерекшелігіне тоқталған құттықтау хатын облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев оқып, университет басшысына табыстады. «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің 70 жылдығымен құттықтаймын. Бұл – еліміздің білім және ғылым саласы үшін маңызды оқиға. Сіз жас ұрпақтың білімін заманауи талаптарға сәйкес қамтамасыз етесіз және инженерлік-техникалық мамандықтар бойынша білікті кадрларды даярлауға зор үлес қосасыз. Сіздің көптеген түлектеріңіз біздің егеменді еліміздің дамуы үшін тынымсыз еңбек етуде. Осыған байланысты педагогикалық қоғамдастыққа шын жүректен алғысымды білдіремін. Бүгінгі таңда білім мен ғылымды өндіріспен ұштастыру басты міндеттердің бірі болып табылады. Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін заманауи технологиялар негізінде зерттеулер жүргізу өте маңызды. Университет ұжымы бұл міндетті абыроймен орындайды деп санаймын. Сізге зор денсаулық, зор табыс тілеймін және сіздің еңбегіңіз жемісті болсын. Құрметпен, Қасым-Жомарт Тоқаев». Ел Президентінің ақжарма тілегін жеткізген аймақ басшысы да салтанатты шараға жиналғандарды мерейтойымен құттықтады.

Құрметті қонақтардың қатарында ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Қуаныш Ерғалиев, ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, министрліктер мен ведомстволардың өкілдері, шетелдік және қазақстандық жоғары оқу орындарының ректорлары бар.

Еліміздің ұзақ жылғы даңқты тарихында зор беделге ие болған оқу орнының мерейтойымен құттықтауға жүзден астам шетелдік және қазақстандық жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғалымдары, ірі өнеркәсіп, кәсіпорындардың басшылары келді.





Білім беру сапасын арттыруға бағытталған және ел экономикасының серпінді әлеуметтік-экономикалық дамуы, педагогтер, ғалымдар мен білім алушылардың білім беру, ғылыми және қоғамдық қызметінің нәтижелері еліміздің білім беру қоғамдастығының жоғары бағасына ие болды. Университеттің белсенді қызметі аясында әлемнің 24 елінің жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық туралы 150 меморандумға қол қойылған.

Университет өзінің 70 жылдық мерейтойын ең беделді әлемдік рейтингтердің бірі – QS World University Rankings-те үздік 651+ көрсеткішімен қарсы алып, бір жылда 100-ден көп позицияға көтерілді. Қазақстанның үздік жоғары оқу орындарының ұлттық рейтингі – КЕАҚ-2022 нәтижелері бойынша университет техникалық жоғары оқу орындары арасында I орынды еншіледі. Сапалы білім көрсеткіші нәтижесінде ғылыми-зерттеулерді қаржыландыруда өсудің оң динамикасы байқалды. Соңғы бес жылда ғылымды қаржыландыру көлемі екі еседен астам, ал оқытушылар мен қызметкерлердің жоғары рейтингті жарияланымдарының саны үш есеге өсті. Сондай-ақ, оқу орнының ғалымдары алған авторлық құқықты қорғау құжаттарының саны 2,5 есеге өсті.

Бүгінде университет әлемнің 24 елінің жоғары оқу орындарымен ынтымақтасады. Erasmus+, Sinergy, УШОС, Конфуций институтының халықаралық ғылыми және білім беру жобаларына белсенді қатысады.

Халықаралық дәрежеде білімнің көкжиегін бағындыруға елеулі үлес қосып жүрген ардагер ұстаздар мен оқытушылар түрлі дәрежедегі марапатқа ие болды. Еселі еңбектің жемісі елеусіз қалмады. Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбекұлының құттықтауын жеткізген вице-министр Қуаныш Ерғалиев министрліктің «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі, Құрмет грамотасы мен Алғыс хатын оқу орнының қызметкерлеріне тапсырды.

Қазақстанның білім және ғылым жүйесінің дамуына қосқан айрықша үлесі және жоғары білікті мамандарды дайындаудағы ерен еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындары қауымдастығының Ахмет Байтұрсынов атындағы орденмен Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің Басқарма Төрағасы, Ректор – Марат Ибатов және бірқатар қызметкерлер алтын және қола медальмен марапатталды. Мерейтойға орай университеттің дамуына сүбелі үлес қосқан мамандардың еңбегі еленіп, мерейі үстем болды.

– Сыйақы – бұл біздің еңбегімізді мойындау. Күн сайын біз еліміз үшін ең жақсы инженерлік кадрларды дайындаймыз. Мен ҚарТУ-да 2 жыл жұмыс істеймін, бірақ өзімді университеттің бір бөлігі ретінде сезінемін. Маған ұжым, ЖОО менеджменті өте ұнайды. Мен өмір бойы осында жұмыс істегендеймін. Күн сайын жоғары нәтижелерге қол жеткізіп отырғанымызға қуаныштымын, – дейді Ғылым және жоғары білім министрінің Құрмет грамотасымен марапатталған Басқарма мүшесі академиялық мәселелер жөніндегі проректор Айжан Темербаева.

Университеттің басты байлығы мен мақтанышы – оның түлектері. 70 жыл ішінде оқу орны Қазақстанның барлық өндірістік кәсіпорындарында, сондай-ақ жақын және алыс шетелдердің бірқатар елдерінде табысты жұмыс істейтін 100 мыңнан астам бәсекеге қабілетті мамандар дайындады. Бүгінде елімізге белгілі – «АрселорМиттал Теміртау» АҚ, «Nova-цинк», «Богатырь Көмір», «Центргеолсъемка», «Сантехпром», «KAZPROM AVTOMATIKA» ЖШС, «Қарағанды металл конструкциялары зауыты – Имстальком», «Қазтранспроммаш компаниясы» секілді ірі кәсіпорындардағы білікті басшы, білімді мамандардың басым көпшілігі Қарағанды политехінің түлектері. Солардың бірі – Николай Симонян. Ол 1985 жылғы түлек.

– Мен инженерлік-құрылыс факультетінің түлегімін. Осы жерде білім алып, достар таптым. Әр бес жыл сайын курстастарымызбен кездесеміз, оқытушыларды еске аламыз. Қарағанды техникалық университеті – Қазақстанның мақтанышы. Мұнда біздің қоғамға қажет мамандар дайындалуда. Мен құрылыс компаниясының басшысы ретінде жастардың ҚарТУ-ды таңдағанын қалаймын, – дейді Николай Симонян.

Салтанатты шара соңында оқу орнының басшысы Марат Ибатов «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің Еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгісін қашықтан оқыту факультетінің деканы Борис Глотовқа, «Өндірістік процестерді автоматтандыру» кафедрасының профессоры Владимир Каверинге, «Құрылыс материалдары және технологиялар» кафедрасының профессоры Әділ Жакулинге, Қазақстанның көпсалалы жаңарту және дамыту институтының жетекші ғылыми қызметкері Құсайын Әлменовке, «Құрылыс материалдары және технологиялар» кафедрасының доценті Мұрат Рахимовқа, «Қазақ тілі және мәдениеті» кафедрасының доценті Қарлығаш Хамзинаға, «Кеніштік аэрология және еңбекті қорғау» кафедрасының меңгерушісі Нұрбек Жолмағамбетовке табыстады.

Мерейтойға арнайы Қарағанды техникалық университетінің қалыптасуы мен дамуынан сыр шертетін фильм көрсетілді. Университет қабырғасында тау-кен, энергетика, көлік және құрылыс салаларында цифрлық технологиялар бойынша төрт жаңа ғылыми-білім беру кешенінің тұсаукесері өтті. Цифрлық дәуір жағдайындағы білім, ғылым және өндірістің өзекті мәселелеріне қатысты конференция, дөңгелек үстел өтті.

Суреттерді түсірген
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

# Жас сарбаздар сап түзеді

**(Соңы. Басы 1-бетте)**

– Еліміздің дамуы ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты. Болашақта Отанына адал қызмет ететін білікті ұрпақ тәрбиелеуде әскери-патриоттық жұмыстың мәні зор. Биыл «Айбын» жиыны ауқымын кеңейтіп, халықаралық форматта өтіп жатыр. Өзбекстан және Әзербайжаннан командалар қатысып отыр. Біз көптеген тағдырлы сынақтардан бірге өтіп, ата-бабаларымыздың дәстүрлерін, құндылықтары мен мәдени-рухани мұраларын сақтай алдық. Бүгінгі жиын да – тарихи достықтың қисынды жалғасы, – деді Қорғаныс вице-министрі генерал-лейтенант Сұлтан Қамалетдинов.




Астананың 25 жылдығына орай ұйымдастырылған тоғызыншы әскери-патриоттық жиынға биыл еліміздің әр аймағынан 43, шетелден 2 команда қатысып отыр.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев болса, «Айбын» жиынының Қарағанды аймағында өтуі дәстүрге айналғаны өңір үшін зор мәртебе екенін атады. Еліміздің әскерін ұлтымыздың мақтан тұтатынын жеткізді.

– Жиынға 600-ден астам жастар қатысады. Жалпы, Отанды қорғау – әр азаматтың парызы. Біз әскерімізді мақтан тұтамыз. Өңіріміздің тоғызыншы рет «Айбын» әскери-патриоттық жиынын өткізуі – біз үшін зор мәртебе, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Сенат депутаттары атынан қатысушыларға жылы лебізді Сергей Ершов білдірді. «Жас сарбаз» республикалық патриоттық қозғалысының негізін қалаушы генерал-лейтенант Мұхамеджан Таласов жиынның екінші жыл қатарынан халықаралық деңгейге көтерілгеніне тоқталды. Бұдан соң төрешілер және сарбаздар ант қабылдады. Ал «Айбын» жарыс туын көтеру мәртебесі Жетісу облысы «Жетісу тарландары» әскери-патриоттық клубының капитаны Байғабыл Мейіржанға бұйырды. Бұл команда – былтырғы «Айбын – 2022» жиынының жеңімпазы.



Қорғаныс министрлігі Тәрбие және идеологиялық жұмыс департаментінің бастығы, полковник Тілеухан Басқожаев «Айбынның» тақырыбы – Астана қаласының ширек ғасырлық мерейтойына арналғанын айтады. Сонымен қатар, ауқымының және деңгейінің өсуінде дейді.

– Тағы бір баса айтарлығы – осы жылы цифрлы технологияға баса назар аударылуы. Бұл бағыттағы сайыстар қызу өтіп жатыр. Атап айтқанда, робототехника, пилотсыз құрылғылар, ракета ұшыру сынды жаңалықтар бар, – дейді Тілеухан Басқожаев. Жалпы, үш дисциплинада бәсекеге түседі. Олар «Айбын жұлдызы», «Смарт сарбаз», «Дарынды «Айбын». Бірінші кезеңде интеллектуалды тұрғыда сайысады. Одан соң әр команда өз техникасын назарға ұсынады. Жеңімпаздарға жүлделі сыйлықтар табысталады. Негізі бұл жиыннан үздік шыққандар әлемдік деңгейдегі байқауларда бақ сынауға мүмкіндік те алады.

Жамбыл облысынан келген жас сарбаз Әсел Айтбай сайыстың жастарға жауапкершілік жүктейтінін, Отанға деген құрметті күшейтіп, жігерді жанитынын айтады.

– Мен өз облысымның атынан халықаралық әскери-патриоттық жиынға қатысып отырғанымды мақтаныш етемін. Бізге үлкен жауапкершілік жүктелді және осы сайыста жеңіске жету үшін бар күшімізді салуға дайынбыз, – деді Әсел Айтбай. IX «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиыны 17 маусымда басталған болатын. 23 маусымға дейін жалғасады.

Суреттерді түсірген
**Александр МАРЧЕНКО**

● ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

# Тұрақты табыс – сенімді болашақ

**Айдың басындағы дерек бойынша 2021-2025 жылдарға арналған Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаға 352,6 мың адам қатысқан. 233,1 мың адам жұмысқа орналасса, соның 100 мыңнан астамы тұрақты жұмыс тапқан. Мұндай мәліметті Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі келтіріп отыр.**

**Жансая ОМАРБЕК,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Субсидияланатын жұмыс орындарына 133 мың адам орналастырылды. Оның ішінде әлеуметтік жұмыс орындарымен 14,6 мың адам, жастар практикасымен 8,6 мың адам, қоғамдық жұмыстармен 94,8 мың адам қамтылған. «Алғашқы жұмыс орны» жобасы аясында 3,9 мың жас жұмысқа орналасқан. Бұдан бөлек, «Ұрпақтар келісімшарты» жобасы аясында – 140 адам, «Күміс жас» жобасы аясында 11 мың адамның жұмыспен қамтылғанын айта кету керек.

Еңбек нарығында сұранысқа ие дағдыларды оқып, игеруге 25,2 мың жұмыссыз адам ниет білдіріпті. Онлайн оқуды соның 22,8 мыңы аяқтап шықты. Сондай-ақ, «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқытумен 88,3 мың адам қамтылды. Оның ішінде оқуды аяқтаған 66,7 мың адам тиісті сертификатқа ие болды.

Қызмет саласын таңдау мақсатында 64,7 мың адам әлеуметтік кәсіптік бағдарлаудан өтті.

Бұдан басқа, 2023 жылы Ұлттық жоба шеңберінде 400 АЕК (1 380 000 теңге) мөлшерінде жаңа бизнес-бастамаларды іске асыру үшін 9 мың грант беру көзделген. Жыл басынан бері 2615 грант берілді.

● ОҚИҒА

# Қатер аяқ астынан

**Өткен демалыс күндері облыстық төтенше жағдайлар департаментінің бөлімшелері 61 рет құтқару жұмыстарына шықты. Департаментте мәлімдегендей, оның 52-сі өртке және жану жағдайларына, сегізі авариялық-құтқару жұмыстарына қатысты.**

**Жансая ОМАРБЕК,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Теміртау қаласы Электриков көшесінде жалпы ауданы 100 ш.м. тұрғын үй мен оған жапсарласа салынған гараж бен монша шатырының ағаш торлары мен жабыны өртенген. Қаза тапқандар мен зардап шеккендер жоқ. Болжам бойынша өрттің шығу себебі пеш орнату және қолдану кезінде өрт қауіпсіздігі ережесін сақтамау. Қарқаралы ауданы Ақтасты ауылы Шұбарбұлақ қыстағында жалпы ауданы 200 ш.м. құрайтын мал шаруашылығы базасының ағаш шатыры өртенді. Шығу себебі анықталуда.

Бұдан бөлек, Осакаров ауданының Батпақты ауылы маңында, Родниковка ауылдық округінде өрт жағдайлары тіркелді. Сонымен қатар, Ақтоғай ауданының Сарытерек ауылдық округінде, Нұра ауданының Қызылтал ауылдық округінде және Шет ауданы Ақадыр кентінде ашық аумақтағы өрт жағдайлары орын алды. Олар департаменттің, ерікті өрт сөндіру құрылымдары мен жергілікті атқарушы органдардың күшімен сөндірілді.

Сондай-ақ, Приозерск қаласы Р.Қошқарбаев көшесінде бес қабатты тұрғын үйдің 4-ші қабаттағы пәтердің балконынан 2019 жылы туған бала құлап, ауруханаға жеткізілді. Мамандар Қарағанды қаласы Мұқанов және Университет көшелерінде лифтіге қамалып қалған 7 адамды құтқарды, оның біреуі – бала.



«Шұбаркөл Көмір» акционерлік қоғамы
Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы №404 бұйрығына сәйкес арнайы мақсаттағы қаржылық ақпарат және тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі 2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы

## Бухгалтерлік баланс 2022 жылғы есепті кезең

Ұйымның атауы: «Шұбаркөл Көмір» акционерлік қоғамы

### 2022 жылғы 31 желтоқсан жағдай бойынша

Қаржы министрінің
2022 жылғы 2 наурыздағы №241 бұйрыққа 1-қосымша
Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің
2017 жылғы 28 маусымдағы №404 бұйрығына 2-қосымша
Нысан

мың теңгеде

| Көрсеткіштердің атауы | Жол коды | Есепті кезеңнің аяғында | Есепті кезеңнің басында |
|---|---|---|---|
| **Активтер** | | | |
| **I. Қысқа мерзімді активтер:** | | | |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 010 | 2,057,920 | 6,460,119 |
| Қысқа мерзімді амортизациялық құнмен бағаланған қаржы активтері | 011 | 1,776 | 145,158,562 |
| Қысқа мерзімді өзге жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланған қаржы активтері | 012 | | |
| Қысқа мерзімді пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланған қаржы активтері | 013 | - | - |
| Қысқа мерзімді туынды қаржы құралдары | 014 | - | - |
| Өзге де қысқа мерзімді қаржы активтері | 015 | 18,814 | 22,370 |
| Қысқа мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек | 016 | 10,768,989 | 5,506,062 |
| Жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек | 017 | 9,364 | 2,482 |
| Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша қысқа мерзімді активтер | 018 | - | - |
| Ағымдағы табыс салығы | 019 | 8,974 | - |
| Қорлар | 020 | 7,801,828 | 6,476,898 |
| Биологиялық активтер | 021 | - | - |
| Өзге де қысқа мерзімді активтер | 022 | 8,252,993 | 1,637,514 |
| **Қысқа мерзімді активтердің жиыны (010-022 аралығындағы жолдардың сомасы)** | **100** | **28,920,658** | **165,264,007** |
| Сатуға арналған активтер (немесе істен шыққан топтар) | 101 | - | - |
| **II. Ұзақ мерзімді активтер** | | | |
| Ұзақ мерзімді амортизациялық құнмен бағаланған қаржылық активтер | 110 | 30,850,706 | - |
| Ұзақ мерзімді өзге жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланған қаржы активтері | 111 | - | - |
| Ұзақ мерзімді пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланған қаржы активтері | 112 | - | - |
| Ұзақ мерзімді туынды қаржы құралдары | 113 | - | - |
| Бастапқы құны бойынша есепке алынатын инвестициялар | 114 | - | - |
| Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын инвестициялар | 115 | - | - |
| Өзге де ұзақ мерзімді қаржы активтері | 116 | 6,789,080 | 5,729,116 |
| Ұзақ мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек | 117 | - | - |
| Жалдау бойынша ұзақ, қысқа мерзімді дебиторлық берешек | 118 | 440,632 | - |
| Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша ұзақ мерзімді активтер | 119 | - | - |
| Инвестициялық мүлік | 120 | - | - |
| Негізгі құралдар | 121 | 40,949,619 | 32,050,920 |
| Пайдалану құқығы нысанындағы актив | 122 | 3,707,712 | 4,119,127 |
| Биологиялық активтер | 123 | - | - |
| Барлау және бағалау активтері | 124 | - | - |
| Материалдық емес активтер | 125 | 186,349 | 668,786 |
| Кейінге қалдырылған салықтық активтер | 126 | 3,840,075 | - |
| Өзге де ұзақ мерзімді активтер | 127 | 34,155,593 | 13,292,867 |
| **Ұзақ мерзімді активтердің жиыны (110-127 аралығындағы жолдардың сомасы)** | **200** | **120,919,766** | **55,860,816** |
| **Баланс (100-жол + 101-жол + 200-жол)** | | **149,840,424** | **221,124,823** |
| **Міндеттеме және капитал** | | | |
| **III. Қысқа мерзімді міндеттемелер** | | | |
| Амортизациялық құнмен бағаланатын қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер | 210 | 5,951 | 6,837,064 |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер | 211 | - | - |
| Қысқа мерзімді туынды қаржы құралдары | 212 | - | - |
| Өзге де қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер | 213 | 1,917 | 386,646 |
| Қысқа мерзімді сауда және өзге де кредиторлық берешек | 214 | 31,235,393 | 14,068,517 |
| Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері | 215 | 64,064 | 360,658 |
| Табыс салығы бойынша ағымдағы салық міндеттемелері | 216 | 942,307 | 3,291,959 |
| Қызметкерлерге сыйақылар | 217 | 2,347,254 | 1,899,331 |
| Жалдау бойынша қысқа мерзімді берешек | 218 | 1,095,339 | 1,310,267 |
| Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер | 219 | 5,846,510 | 5,068,158 |
| Мемлекеттік субсидиялар | 220 | - | - |
| Төленетін дивидендтер | 221 | 779,361 | 899,391 |
| Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер | 222 | 1,572,991 | 1,971,371 |
| **Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны (210-222 аралығындағы жолдардың сомасы)** | **300** | **43,891,087** | **36,093,362** |
| Сатуға арналған істен шыққан топтардың міндеттемелері | 301 | - | - |
| **IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер** | | | |
| Амортизациялық құнмен бағаланатын ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер | 310 | 101,422,789 | 86,593,931 |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер | 311 | - | - |
| Ұзақ мерзімді туынды қаржы құралдары | 312 | - | - |
| Өзге де ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер | 313 | 29,881 | 2,762,333 |
| Ұзақ мерзімді сауда және өзге де кредиторлық берешек | 314 | - | - |
| Ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері | 315 | 1,173,499 | 933,741 |
| Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер | 316 | - | 728,094 |
| Қызметкерлерге берілетін сыйақылар | 317 | 642,746 | 483,807 |
| Жалдау бойынша ұзақ мерзімді берешек | 318 | 1,712,176 | 2,446,413 |
| Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер | 319 | - | - |
| Мемлекеттік субсидиялар | 320 | - | - |
| Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер | 321 | - | - |
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелердің жиыны (310-321 аралығындағы жолдың сомасы)** | **400** | **104,981,091** | **93,948,319** |
| **V. Капитал** | | | |
| Жарғылық (акционерлік) капитал | 410 | 9,543,292 | 9,543,292 |
| Эмиссиялық кіріс | 411 | 188,565 | 188,565 |
| Сатып алынған меншікті үлестік құралдар | 412 | (3,001) | (3,001) |
| Өзге жиынтық табыстың құрауыштары | 413 | (43,997) | 58,289 |
| Бөлінбеген пайда (жабылмаған залал) | 414 | (8,716,613) | 81,295,997 |
| Өзге капитал | 415 | - | - |
| Меншік иелеріне тиесілі капиталдың жиыны (410- 415 аралығындағы жолдардың сомасы) | 420 | 968,246 | 91,083,142 |
| Бақыламайтын меншік иелерінің үлесі | 421 | - | - |
| **Капиталдың барлығы (420-жол + 421-жол)** | **500** | **968,246** | **91,083,142** |
| **Баланс (300-жол + 301-жол + 400-жол + 500-жол)** | | **149,840,424** | **221,124,823** |

## Пайдалар мен залалдар туралы есеп 2022 жылғы есепті кезең

Ұйымның атауы: «Шұбаркөл Көмір» акционерлік қоғамы

### 2022 жылғы 31 желтоқсан жағдай бойынша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің
2022 жылғы 2 наурыздағы №241 бұйрыққа 2-қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің
2017 жылғы 28 маусымдағы №404 бұйрығына 3-қосымша
Нысан

мың теңгеде

| Көрсеткіштердің атауы | Жол коды | Есепті кезеңге | Алдағы кезеңге |
|---|---|---|---|
| Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін түсім | 010 | 116,629,753 | 86,603,823 |
| Өткізілген тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны | 011 | 67,777,642 | 45,697,295 |
| **Жалпы пайда (залал) (010-жол – 011-жол)** | **012** | **48,852,111** | **40,906,528** |
| Сату бойынша шығыстар | 013 | (158,084) | (119,472) |
| Әкімшілік шығыстар | 014 | (6,334,346) | (6,496,600) |
| **Операциялық пайда жиыны (залал) (+/- 012-014 аралығындағы жолдар)** | **020** | **42,359,681** | **34,290,456** |
| Қаржылық кірістері | 021 | 85,194,564 | 26,921,592 |
| Қаржылық шығыстары | 022 | (102,337,933) | (20,519,775) |
| Үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің пайдасындағы (залалындағы) ұйымның үлесі | 023 | - | - |
| Өзге кірістер | 024 | 2,535,564 | 5,693,437 |
| Өзге шығыстар | 025 | (10,906,077) | (4,829,238) |
| **Салық салғанға дейінгі пайда (залал) (+/- 020-025 аралығындағы жолдар)** | **100** | **16,845,799** | **41,556,472** |
| Табыс салығы бойынша шығыстар (-) (кірістер (+) | 101 | (9,358,410) | (8,968,453) |
| **Салық салғаннан кейін жалғасатын қызметтен түсетін пайда (залал) (100-жол + 101-жол)** | **200** | **7,487,389** | **32,588,019** |
| Салық салғаннан кейін тоқтатылған қызметтен түсетін пайда (залал) | 201 | | |
| **Мыналарға қатысты бір жылғы пайда (200-жол + 201-жол):** | **300** | **7,487,389** | **32,588,019** |
| негізгі ұйымның меншік иелері | | - | - |
| бақыламайтын меншік иелерінің үлесі | | - | - |
| **Өзге де жиынтық табыс, барлығы (420 және 440 сома):** | **400** | **(102,286)** | **2,153** |
| оның ішінде: | | | |
| өзге де жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланған борыш қаржылық құралдарды қайта бағалау | 410 | - | - |
| үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің өзге де жиынтық табысындағы (залалындағы) үлесі | 411 | - | - |
| мерзімі кейінге қалдырылған табыс салығы мөлшерлемесін өзгеру әсері | 412 | - | - |
| ақша ағындарын хеджирлеу | 413 | - | - |
| шетелдік ұйымдарға инвестициялар бойынша бағамдық айырма | 414 | - | - |
| шетелдік операцияларға таза инвестицияларды хеджирлеу | 415 | - | - |
| өзге жиынтық табыстың өзге де құрауыштары | 416 | - | - |
| пайда (залал) құрамында қайта жіктеу кезіндегі түзету | 417 | - | - |
| өзге де жиынтық табыс құрауыштарының салықтық әсері | 418 | - | - |
| **Кейінгі кезеңдерде (табысқа салынатын салықты шегергендегі) кірістерге немесе шығыстарға қайта жіктелген өзге де жиынтық табыстың жиынтығы (410-418 аралығындағы жолдардың сомасы)** | **420** | **-** | **-** |
| негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді қайта бағалау | 431 | - | - |
| үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің өзге де жиынтық табысындағы (залалындағы) үлесі | 432 | - | - |
| зейнетақы міндеттемелері бойынша актуарлық пайда (залал) | 433 | (125,993) | 5,943 |
| өзге де жиынтық табыс құрауыштарының салықтық әсері | 434 | 23,707 | (3,790) |
| өзге де жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланған үлестік қаржылық құралдарды қайта бағалау | 435 | - | - |
| **Кейінгі кезеңдерде (табысқа салынатын салықты шегергенде) кірістерге немесе шығыстарға қайта жіктеуге жатпайтын өзге де жиынтық табыстың жиынтығы (431-435 аралығындағы жолдардың сомасы)** | **440** | **(102,286)** | **2,153** |
| **Жалпы жиынтық табыс (300-жол + 400-жол)** | **500** | **7,385,103** | **32,590,172** |
| Мыналарға тиесілі жалпы жиынтық табыс: | | | |
| негізгі ұйымның меншік иелері | | 7,385,103 | 32,590,172 |
| бақыламайтын меншік иелерінің үлесі | | - | - |
| **Акцияға арналған пайда:** | **600** | **2.06** | **8.96** |
| оның ішінде: | | | |
| Акцияға арналған базалық пайда: | | | |
| жалғасатын қызметтен | | 2.06 | 8.96 |
| тоқтатылған қызметтен | | | |
| Акцияға арналған ажыратылған пайда: | | | |
| жалғасатын қызметтен | | 2.06 | 8.96 |
| тоқтатылған қызметтен | | | |

## Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп (жанама әдіс) есепті кезең 2022 жыл

Ұйымның атауы: «Шұбаркөл Көмір» акционерлік қоғамы

### 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің
2022 жылғы 2 наурыздағы №241 бұйрыққа 4-қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің
2017 жылғы 28 маусымдағы №404 бұйрығына 5-қосымша
Нысан

мың теңгеде

| Көрсеткіштердің атауы | Жол коды | Есепті кезең үшін | Алдыңғы кезең үшін |
|---|---|---|---|
| **I. Операциялық қызметтен түсетін ақша қаражатының қозғалысы** | | | |
| салық салынғанға дейінгі пайда (залал) | 010 | **16,845,799** | **41,556,472** |
| негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы мен құнсыздануы | 011 | 7,482,019 | 7,313,583 |
| гудвилдің құнсыздануы | 012 | - | - |
| сауда және өзге дебиторлық берешектің құнсыздануы | 013 | 262,005 | (59,138) |
| сатуға арналған шығындарды шегере отырып, әділ құнына дейін сатуға арналған активтердің (немесе шығарылатын топтың) құнын есептен шығару | 014 | - | (4,052,652) |
| негізгі құралдарды шығарудан залал (пайда) | 015 | 545,300 | 432,130 |
| инвестициялық мүліктен залал (пайда) | 016 | - | - |
| қарыздарды мерзімінен бұрын өтеуден залал (пайда) | 017 | - | - |
| пайда мен залал туралы есеп арқылы түзетумен әділ құны бойынша көрсетілетін өзге қаржы активтерінен залал (пайда) | 018 | - | - |

**(Басы. Жалғасы 6-бетте)**

(Жалғасы 7-бетте)

| | | | |
|---|---|---|---|
| қаржыландыру бойынша шығыстар (кірістер) | 019 | 17,143,369 | (6,401,817) |
| қызметкерлерге сыйақылар | 020 | 96,542 | (82,756) |
| үлестік құралдарымен сыйақылар бойынша шығыстар | 021 | - | - |
| кейінге қалдырылған салықтар бойынша кіріс (шығыс) | 022 | - | - |
| іске асырылмаған оң (теріс) бағамдық айырма | 023 | - | - |
| үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің пайдасындағы ұйымның үлесі | 024 | - | - |
| жалпы жиынтық кірістің (залалдың) өзге ақшалай емес операциялық түзетулері | 025 | 4,577,131 | (270,337) |
| **Жалпы жиынтық кірісті (залалды) түзету жиыны, барлығы (+/- 011-025 аралығындағы жолдар)** | **030** | **30,106,366** | **(3,120,987)** |
| қорлардағы өзгерістер | 031 | (1,446,409) | (2,988,181) |
| резервтің өзгерістері | 032 | - | - |
| сауда және өзге дебиторлық берешектегі өзгерістер | 033 | (12,181,563) | 6,612,287 |
| сауда және өзге кредиторлық берешектегі өзгерістер | 034 | 2,530,255 | 8,625,316 |
| салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектегі өзгерістер | 035 | - | - |
| өзге де қысқа мерзімді міндеттемелердегі өзгерістер | 036 | (79,941) | (96,552) |
| **Операциялық активтер мен міндеттемелер қозғалысының жиыны, барлығы (+/- 031-ден 036 аралығындағы жолдар)** | **040** | **(11,177,658)** | **12,152,870** |
| төленген сыйақылар | 041 | (2,009,530) | (6,854,274) |
| алынған сыйақылар | 042 | - | - |
| төленген табыс салығы | 043 | (20,516,890) | (5,938,431) |
| **Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы (010-жол +/- 030-жол +/- 040-жол +/- 041-жол +/- 042-жол +/- 043-жол)** | **050** | **13,248,087** | **37,795,650** |
| **II. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы** | | | |
| **1. Ақша қаражатының түсуі, барлығы (061-072 аралығындағы жолдардың сомасы)** | **060** | **166,644,543** | **254,990,913** |
| оның ішінде: | | | |
| негізгі құралдарды сату | 061 | - | - |
| материалдық емес активтерді сату | 062 | - | - |
| басқа да ұзақ мерзімді активтерді сату | 063 | - | - |
| басқа ұйымдардың (еншілестерден басқа) үлестік құралдарын және бірлескен кәсіпкерліктегі қатысу үлесін сату | 064 | - | 2,265,556 |
| басқа ұйымдардың борыштық құралдарын сату | 065 | - | - |
| еншілес ұйымдарға бақылауды жоғалтқан кезде сату | 066 | - | 91,740,968 |
| ақша салымдарын алып қою | 067 | 6,829 | 7,664 |
| өзге де қаржы активтерін сату | 068 | - | - |
| фьючерстік және форвардтық келісімшарттар, опциондар мен своптар | 069 | - | - |
| алынған дивидендтер | 070 | - | 3,418,992 |
| алынған сыйақылар | 071 | 16,453,061 | 7,942,968 |
| өзге түсімдер | 072 | 150,184,653 | 149,614,765 |
| **2. Ақша қаражатының шығарылуы, барлығы (081-092 аралығындағы жолдардың сомасы)** | **080** | **82,894,525** | **172,749,572** |
| оның ішінде: | | | |
| негізгі құралдарды сатып алу | 081 | 21,924,094 | 16,358,326 |
| материалдық емес активтерді сатып алу | 082 | 46,551 | 3,932 |
| басқа ұзақ мерзімді активтерді сатып алу | 083 | - | - |
| басқа ұйымдардың (еншілестерден басқа) үлестік құралдарын және бірлескен кәсіпкерліктегі қатысу үлестерін сатып алу | 084 | - | 210,860 |
| басқа ұйымдардың үлестік құралдарын сатып алу | 085 | - | - |
| еншілес ұйымдарға бақылауды сатып алу | 086 | - | - |
| ақша салымдарын орналастыру | 087 | 6,750 | 6,380 |
| өзге қаржы активтерін сатып алу | 088 | - | - |
| қарыздар беру | 089 | 60,157,950 | 155,596,246 |
| фьючерстік және форвардтық келісімшарттар, опциондар мен своптар | 090 | - | - |
| қауымдасқан және еншілес ұйымдарға инвестициялар | 091 | - | - |
| өзге төлемдер | 092 | 759,180 | 573,828 |
| **3. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы (060-жол – 080-жол)** | **100** | **83,750,018** | **82,241,341** |
| **III. Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының қозғалысы** | | | |
| **1. Ақша қаражатының түсімі, барлығы (111-114 аралығындағы жолдардың сомасы)** | **110** | **-** | **-** |
| оның ішінде: | | | |
| акциялардың және басқа қаржы құралдарының эмиссиясы | 111 | - | - |
| қарыздар алу | 112 | - | - |
| алынған сыйақылар | 113 | - | - |
| өзге түсімдер | 114 | - | - |
| **2. Ақша қаражатының шығарылуы, барлығы (121- 125 аралығындағы жолдардың сомасы)** | **120** | **101,400,304** | **120,034,274** |
| оның ішінде: | | | |
| қарыздарды өтеу | 121 | 2,385,551 | 24,586,610 |
| сыйақы төлеу | 122 | - | - |
| дивидендтерді төлеу | 123 | 97,625,979 | 93,338,255 |
| ұйымдардың акциялары бойынша меншік иелеріне төлемдер | 124 | - | - |
| өзге де шығарулар | 125 | 1,388,774 | 2,109,409 |
| **3. Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының таза сомасы (110-жол – 120-жол)** | **130** | **(101,400,304)** | **(120,034,274)** |
| **4. Валюта айырбастау бағамының теңгеге әсері** | **140** | | |
| **5. Ақша қаражаты мен олардың баламаларының баланстық құнындағы өзгерістер әсері** | **150** | | |
| **6. Ақша қаражатының ұлғаюы +/- азаюы (050-жол +/- 100-жол +/- 130-жол +/- 140-жол +/- 150-жол)** | **160** | **(4,402,199)** | **2,717** |
| **7. Есепті кезеңнің басындағы ақша қаражаты мен олардың баламалары** | **170** | **6,460,119** | **6,457,402** |
| **8. Есепті кезеңнің аяғындағы ақша қаражаты мен олардың баламалары** | **180** | **2,057,920** | **6,460,119** |

# Капиталдағы өзгерістер туралы есеп есепті кезең 2022 жыл

Ұйымның атауы: «Шұбаркөл Көмір» акционерлік қоғамы

## 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің
2022 жылғы 2 наурыздағы №241 бұйрыққа 5-қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің
2017 жылғы 28 маусымдағы №404 бұйрығына 6-қосымша
Нысан

мың теңгеде

| Құрауыштардың атауы | Жол коды | Меншік иелеріне тиесілі капитал | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Жарғылық (акционерлік) капитал | Эмиссиялық кіріс | Сатып алынған меншік үлестік құралдар | Өзге жиынтық кіріс құрауыштары | Бөлінбеген пайда | Өзге капитал | Бақыланбайтын меншік иелерінің үлесі | Капитал жиыны |
| **Алдыңғы жылдың 1 қаңтарына сальдо** | **010** | **9,543,292** | **188,565** | **(3,001)** | **56,136** | **142,864,122** | **-** | | **152,649,114** |
| Есептік саясаттағы өзгеріс | 011 | | | | | | | | - |
| **Қайта есептелген сальдо (010-жол +/- 011-жол)** | **100** | **9,543,292** | **188,565** | **(3,001)** | **56,136** | **142,864,122** | **-** | | **152,649,114** |
| **Жалпы жиынтық кіріс, барлығы (210-жол + 220-жол):** | **200** | | | | **2,153** | **32,588,019** | **-** | | **32,590,172** |
| Бір жылдағы пайда (залал) | 210 | | | | | 32,588,019 | - | | 32,588,019 |
| **Өзге жиынтық кіріс, барлығы (221-229 аралығындағы жолдардың сомасы):** | **220** | | | | 2,153 | | - | | 2,153 |
| оның ішінде: | | | | | | | | | |
| өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған борыштық қаржы құралдарын қайта бағалау (салық тиімділігін алып тастағанда) | 221 | - | - | - | - | - | | - | - |
| өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған үлестік қаржы құралдарын қайта бағалау (салық тиімділігін алып тастағанда) | 222 | - | - | - | - | - | | - | - |
| негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді қайта бағалау (салық тиімділігін алып тастағанда) | 223 | - | - | - | - | - | | - | - |
| үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің өзге де жиынтық кірістегі (шығындағы) үлесі | 224 | - | - | - | - | - | | - | - |
| зейнетақы міндеттемелері бойынша актуарлық пайда (залал) | 225 | | | | 5,943 | | | | 5,943 |
| кейінге қалдырылған салыққа табыс салығының мөлшерлемесіндегі өзгерістің әсері | 226 | - | - | - | (3,790) | - | | - | (3,790) |
| ақша ағындарын (салық тиімділігін шегергенде) хеджирлеу | 227 | - | - | - | - | - | | - | - |
| шетел операцияларына таза инвестицияларды хеджирлеу | 228 | - | - | - | - | - | | - | |
| шетелдік ұйымдарға инвестициялар бойынша бағамдық айырма | 229 | - | - | - | - | - | | - | - |
| **Меншік иелерімен операциялар, барлығы (310-318 аралығындағы жолдардың сомасы):** | **300** | **-** | **-** | **-** | **-** | **(94,156,144)** | | **-** | **(94,156,144)** |
| оның ішінде: | | | | | | | | | |
| Қызметкерлерге акциялармен сыйақы | 310 | | | | | | | | - |
| оның ішінде: | | | | | | | | | |
| қызметкерлердің көрсететін қызметтерінің құны | | - | - | - | - | - | | - | - |
| қызметкерлерге акциялармен сыйақы беру схемасы бойынша акциялар шығару | | - | - | - | - | - | | - | - |
| қызметкерлерге акциялармен сыйақы беру схемасына қатысты салықтық пайда | | - | - | - | - | - | | - | - |
| Меншік иелерінің жарналары | 311 | - | - | - | - | - | | - | - |
| Өз үлестік құралдарын (акцияларын) шығару | 312 | - | - | - | - | - | | - | - |
| Бизнесті біріктіруге байланысты үлестік құралдарды шығару | 313 | - | - | - | - | - | | - | - |
| Айырбасталатын құралдардың үлестік құрауышы (салық тиімділігін шегергенде) | 314 | - | - | - | - | - | | - | - |
| Дивидендтерді төлеу | 315 | - | - | - | - | (94,156,144) | - | - | (94,156,144) |
| Меншік иелерінің пайдасына өзге де бөлулер | 316 | - | - | - | - | - | | - | - |
| Меншік иелерімен өзге де операциялар | 317 | - | - | - | - | - | | - | - |
| Бақылауды жоғалтуға әкеп соқтырмайтын еншілес ұйымдардағы қатысу үлесіне өзгерістер | 318 | - | - | - | - | - | | - | - |
| Өзге де операциялар | 319 | | | | | | | | |
| **Есепті жылдың 1 қаңтарына сальдо (100-жол + 200-жол + 300-жол + 319-жол)** | **400** | **9,543,292** | **188,565** | **(3,001)** | **58,289** | **81,295,997** | **-** | **-** | **91,083,142** |
| Есептік саясаттағы өзгеріс | 401 | | | | | | | - | - |
| **Қайта есептелген сальдо (400-жол +/- 401-жол)** | **500** | **9,543,292** | **188,565** | **(3,001)** | **58,289** | **81,295,997** | **-** | | **91,083,142** |
| **Жалпы жиынтық кіріс, барлығы (610-жол + 620-жол):** | **600** | | | | **(102,286)** | **7,487,389** | **-** | | **7,385,103** |
| Бір жылғы пайда (залал) | 610 | - | - | - | - | 7,487,389 | - | - | 7,487,389 |
| Өзге жиынтық кіріс, барлығы (621-629 аралығындағы жолдардың сомасы): | **620** | - | - | - | **(102,286)** | - | | - | **(102,286)** |
| оның ішінде: | | | | | | | | | |
| өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған борыштық қаржы құралдарын қайта бағалау (салық тиімділігін алып тастағанда) | 621 | - | - | - | - | - | | - | - |
| өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған үлестік қаржы құралдарын қайта бағалау (салық тиімділігін алып тастағанда) | 622 | - | - | - | - | - | | - | - |
| негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің қайта бағалау (салық тиімділігін алып тастағанда) | 623 | - | - | - | - | - | | - | - |
| үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің өзге де жиынтық кірістегі (шығындағы) үлесі | 624 | - | - | - | - | - | | - | - |
| зейнетақы міндеттемелері бойынша актуарлық пайда (залал) | 625 | - | - | - | (125,993) | - | | - | (125,993) |
| мерзімі кейінге қалдырылған табыс салығының мөлшерлемесіндегі өзгерістер тиімділігі | 626 | - | - | - | 23,707 | - | | - | 23,707 |
| ақша ағындарын (салық тиімділігін алып тастағанда) хеджирлеу | 627 | - | - | - | - | - | | - | - |
| шетел операцияларына таза инвестицияларды хеджирлеу | 628 | - | - | - | | - | | - | - |
| шетел ұйымдарына таза инвестициялар бойынша бағамдық айырма | 629 | - | - | - | - | - | | - | - |
| **меншік иелерімен операциялар, барлығы (710-718 аралығындағы жолдардың сомасы)** | **700** | | | | | **(97,499,999)** | **-** | **-** | **(97,499,999)** |
| оның ішінде: | | | | | | | | | |
| Қызметкерлерге акциялармен сыйақы беру | 710 | - | - | - | - | | | - | |
| оның ішінде: | | | | | | | | | |
| қызметкерлердің көрсететін қызметтерінің құны | | - | - | - | - | - | | - | - |
| қызметкерлерге акциялармен сыйақы беру схемасы бойынша акциялар шығару | | - | - | - | - | - | | - | - |
| қызметкерлерге акциялармен сыйақы беру схемасына қатысты салықтық пайда | | - | - | - | - | - | | - | - |
| Меншік иелерінің жарналары | 711 | - | - | - | - | - | | - | - |
| Өз үлестік құралдарын (акцияларын) шығару | 712 | - | - | - | - | - | | - | - |
| Бизнесті біріктіруге байланысты үлестік құралдар шығару | 713 | - | - | - | - | - | | - | - |
| Айырбасталатын құралдардың үлестік құрауышы (салық тиімділігін алып тастағанда) | 714 | - | - | - | - | - | | - | - |
| Дивидендтерді төлеу | 715 | - | - | - | - | (97,499,999) | | - | (97,499,999) |
| Меншік иелерінің пайдасына өзге де бөлулер | 716 | - | - | - | - | - | | - | - |
| Меншік иелерімен өзге де операциялар | 717 | - | - | - | - | - | | - | - |
| Бақылауды жоғалтуға әкеп соқтырмайтын еншілес ұйымдардағы қатысу үлесіне өзгерістер | 718 | - | - | - | - | - | | - | - |
| Өзге де операциялар | 719 | | | | | | | | |
| **Есепті жылдың 31 желтоқсанына сальдо (500-жол + 600-жол + 700-жол + 719-жол)** | **800** | **9,543,292** | **188,565** | **(3,001)** | **(43,997)** | **(8,716,613)** | | **-** | **968,246** |

## «Шұбаркөл Көмір» акционерлік қоғамы арнайы мақсаттағы қаржылық ақпаратқа түсіндірме жазба 2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойынша

(Соңы. Басы 5-6-беттерде)

**1. Компания және оның негізгі қызметі**

«Шұбаркөл Көмір» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Компания») 2002 жылғы 01 шілдеде тіркелген және өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырады. Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам нысаны ретінде құрылды.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Еуроазиаттық энергетикалық корпорация акционерлік қоғамы және SHK EURASIAN Holding B.V.Eurasian Resources Group S.à r.l. (бұдан әрі – «ERG») бірлескен бақылауды жүзеге асыратын компания акционерлері болып табылады.

Компанияның негізгі қызметі – көмір өндіру, өңдеу және сату, кокс өндіру және сату.

**Арнайы мақсаттағы қаржылық есептілік дайындау негізі**

Арнайы мақсаттағы қаржылық есеп «Шұбаркөл Көмір» АҚ-на қатысты (бұдан ары «Компания» немесе «ШК») 31 желтоқсанда аяқталған 2022 жылғы ақпараттарды қамтиды. Ол Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы «Жария мүдделі ұйымдардың (қаржы ұйымдарынан басқа) жариялау үшін жылдық қаржылық есептіліктің тізбесі мен нысандарын бекіту» туралы № 404 бұйрығы мен оған өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 2 наурыздағы № 241 бұйрығы талаптарына сай әзірленді. Осы арнайы мақсаттағы қаржылық ақпарат тек қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау, оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қаржылық есептілік депозитарийіне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсыну мақсатымен дайындалған.

Компания арнайы мақсаттағы қаржылық ақпаратты дайындау кезінде 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін 2023 жылғы 3 мамырда дайындалған Компанияның жеке қаржылық ақпаратында Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес есеп саясатын қолданды.

2022 жылдың маусым айында Standard & Poor's рейтинг агенттігі ERG Тобының кредиттік рейтингісін «тұрақты» болжаммен «В-»-тен «В»-ге жақсартты. ERG Тобы Standard & Poor's компаниясынан кредиттік рейтингті алуды тоқтату шешімін қабылдады. 2023 жылдың наурызында Standard & Poor's ERG Тобының өтініші бойынша ERG Тобының кредиттік рейтингін кері қайтарып алды. Кері қайтарып алу кезінде кредиттік рейтингтік болжамы «тұрақты» болды. 2022 жылдың желтоқсанында Moody's «Тұрақты» болжаммен «В1» рейтингін растады.

ERG Тобының ағымдағы өтімділік болжамы 2024 жылы ағымдағы кредиттік келісімдер шеңберінде Сбербанк пен ВТБ банкіне жасалатын төлемдерді көздейді. ERG Тобы төлем міндеттемелерін орындауға және/немесе төлемдерді барлық қолданыстағы заңдар мен ережелерге сәйкес ауыстыруға мүмкіндік беретін әртүрлі ықтимал шешімдермен жұмыс істеуде. Жұмыс жалғасуда және 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында аяқталуы екіталай, сондықтан осы қаржылық есептілік шығарылған кезде оның нәтижелеріне қатысты белгісіздік сақталады. Егер 2024 жылы қолайлы шешім табылмаса және ERG Тобы Сбербанкпен немесе ВТБ Банкімен жасалған қолданыстағы кредиттік келісімшарттарға сәйкес жоспарлы төлем жасамаса, мұндай төлемнің болмауы тиісті кредиторға кредиттік келісімшарттар бойынша өтелмеген қарызды төлеуді жеделдету құқығын бере алады.

**Жаңа стандарттар**

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген стандарттарға түзетулер мен түсіндірмелер Компанияға елеулі әсер етпеді. Компания шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін стандарттарға түзетулер Компанияға елеулі әсер болмау болжамданады. Компания басқа да жаңа стандарттардың, стандарттарға енгізілген түзетулердің және түсіндірмелердің әлеуетті әсерін бағалайды.

**Функционалдық валюта және қаржылық есептілік ұсыну валютасы.** Егер басқаша көрсетілмесе, осы қаржылық есептілікте ұсынылған барлық сандық деректер қазақстандық мың теңгемен (бұдан әрі – «теңге») көрсетіледі. Компанияның функционалдық валютасы – теңге.

**Шетел валютасындағы операциялар.** Есепті күндегі жағдай бойынша шетел валютасында көрсетілген Компанияның ақша активтері мен міндеттемелері осы күнге бекітілген Қазақстан қор биржасының (бұдан әрі – «ҚҚБ») ресми айырбастау бағамы бойынша теңгемен қайта есептелді. Шетел валютасындағы операциялар бастапқы тану кезінде операция жасалған күнге ҚҚБ айырбастау бағамымен ескеріледі. Кейіннен, Компанияның шетел валютасында көрсетілген активтері мен міндеттемелерін қайта есептеу айдың соңындағы ҚҚБ бағамы бойынша ай сайынғы негізде жүзеге асырылады. Осы операциялар бойынша есеп айырысу күніне, шетел валютасында көрсетілген ақша активтері мен міндеттемелерді қайта есептеу нәтижесінде туындайтын нәтижелер табыс немесе залал пайда немесе залал есепте көрсетіледі.

**3. Есеп саясатын қолданудағы маңызды есептік бағалар және кәсіби пайымдаулар**

Компания келесі қаржылық кезеңдегі есептелген активтер мен міндеттемелерге әсер ететін бағалауларды пайдаланады және жорамалдар жасайды.

Бағалау мен пайымдау үнемі сыни талдауларға ұшырайды және басшылықтың алдыңғы тәжірибесіне және басқа факторларға, соның ішінде қалыптасқан жағдайларда дәлелді деп есептелетін болашақ оқиғаларға қатысты болжамдарға негізделген. Компания басшылығы есеп саясатын қолдану барысында бағалауды талап ететіндерден бөлек өзге пайымдауларды қолданады. Арнайы мақсаттағы қаржылық ақпаратта көрсетілген сомаларға ең маңызды әсер ететін пайымдаулар және келесі қаржылық кезеңдегі активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын елеулі түзетулер енгізу қажеттілігіне әкелуі мүмкін бағалаулар төмендегіні қамтиды:

**Берілген қарыздардың құнсыздануы.** Шығынға есептелген резервті дефолт ықтималдығын, қарыз бойынша болашақ ақша ағындарының жиналуын және қалпына келтіру мерзімдерін қоса алғанда, айтарлықтай болжамдарды қолдануды талап етеді. Мұндай болжамдардағы өзгерістер өтелетін құнға немесе осындай активтердің резервтеріне әсер етуі мүмкін. Басшылық болжамдарды үнемі қайта қарайды. Берілген қарыздар бойынша күтілетін кредиттік залал салыстырмалы рейтингі бар компаниялардың кредиттік тәуекелі негізінде есептелді. Басшылықтың бұл пайымдауы ERG қызметі үздіксіздігінің бағасына негізделген.

**Қаржылық кепілдіктердің құнын бағалау.** Компания қаржылық кепілдіктердің әділ құнын анықтау үшін кредиттік своп әдісін қолданады. Қаржылық кепілдік міндеттемесінің әділ құны қарыздың кепілдік берілген сомасының, пайыздық мөлшерлемесін және тәуекел көрсеткіштерінің есебімен есептеледі. Компанияның басқа кепілгерлермен бірлесіп, толық жауапкершілікте болатын несие шарттары бойынша, нарықтық комиссия ұқсас кредиттік рейтингісі бар компаниялардың кредиттік-дефолттық своптарын ескере отырып анықталады және бірлескен кепілгерлер арасында бөлінеді. Бұл компанияның берілген кепілдіктермен байланысты несиелік тәуекелге ұшырауына басшылықтың үздік бағасын білдіреді. Кепілдіктердің құны бірлескен кепілгер компанияларының таза активтерінің әділ құны негізінде бірлескен кепілгерлер арасында бөлінеді. Басшылық Компанияның кепілдендірілген міндеттемелерді өтеуге мәжбүр болуы екіталай деп есептейді. Басшылықтың бұл пайымдауы ERG тобының қызметінің үздіксіздігін бағалауына негізделеді.

**Негізгі құралдар объектілерінің пайдалы қызмет ету мерзімі.** Негізгі құралдар объектілерінің пайдалы қызмет ету мерзімін есептеу – бұл ұқсас активтермен жұмыс жасау тәжірибесіне негізделген пайымдау мәселесі. Активтердегі болашақ экономикалық пайда, негізінен, бүкіл пайдалану кезеңінде қолданылады. Алайда, техникалық және коммерциялық ескіру, тозу сияқты басқа факторлар, әдетте, активтердегі экономикалық пайданы төмендетеді. Басшылық активтердің ағымдағы техникалық жай-күйіне және активтер Компанияға пайда әкелетін есеп айырысу кезеңіне негізделген пайдалы қызмет мерзімінің қалдығын бағалайды. Бұл ретте мынадай негізгі факторлар ескеріледі: (а) активтерді пайдаланудың күтілетін мерзімі; (б) операциялық факторларға және техникалық қолдау бағдарламасына байланысты күтілетін физикалық тозу; (в) нарық жағдайларының өзгеруіне байланысты туындайтын техникалық және коммерциялық ескіру.

Компания міндеттемені бағалау кезінде елеулі пайымдауды қолданды. Кодекстегі кез-келген болашақ өзгерістер, оның интерпретациясындағы және қолдану тәжірибесіндегі өзгерістер Компанияның пайымдаулары мен бағаларына әсер етуі мүмкін, сондықтан объектілерді пайдалану салдарын жою жөніндегі тиісті міндеттемелерін қайта қарауға әкеп соғуы мүмкін. Мұндай бағалауды жүргізудегі елеулі пайымдаулар инфляция мен дисконттау мөлшерлемелерін және дисконттау кезеңін бағалауды қамтиды. Басшылық дисконттау мерзімін айқындау кезінде объектілерді пайдалану салдарын жою жөніндегі іс-шаралар 2050 жылы күтілетін кен орындары толық игерілгеннен кейін жүргізілетін болады деген пайымдауды қолданды. Бағалауда пайдаланылған негізгі жорамалдар 15-Ескертпеде келтірілген.

Компания жүргізген қолданыстағы заңнаманың талдауы негізінде басшылық негізгі құралдардың жекелеген объектілерін 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша объектілерді пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемелерден алып тастау керек деген қорытындыға келді, себебі:

- мұндай активтер қоршаған ортаға елеулі теріс әсер етпейді;
- осы объектілердегі өндірістік процестер қоршаған ортаға теріс әсерді азайту үшін демонтаждау және қайта құнарландыру жұмыстарын жүргізуді талап ететін салдарға әкеп соқпайды;
- технологиялық машиналар мен жабдықтар сияқты жекелеген объектілер бойынша оларды есептен шығарудан және/немесе қайта бейіндеуден жою құнын өтеу мүмкіндігі бар, нәтижесінде қоршаған ортаға теріс әсер елеулі төмендейді және оларды демонтаждау қажеттілігі туындамайды.


## ХАБАРЛАНДЫРУ
### (қоғамдық тыңдаулар)

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС 2023 жылғы 25 шілдеде сағат 15:00-де Қарағанды облысы, Ақтау кенті, МОСО мәдениет үйі, Карл Маркс көшесі, 5 мекенжайында жобалар бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды:

1. «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Филиалы – «Қарағандытүстімет» ӨБ 2023-2032 жылдар кезеңіне арналған Нұрқазған-Саз кен орны үшін атмосфераға ластаушы заттардың рұқсат етілетін шығарындылары нормативтерінің (РЕШН) жобасы».

2. «Нұрқазған БФ қажеттіліктері үшін Нұрқазған-Саз кен орнының қорларын қазымдау бойынша кен жұмыстарының жоспары».

Әзірлеуші: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты;

Өкілі: Н.Ж. Темирбаев, байланыс нөмірі: 8(777) 275 79 69; эл. мекенжайы: **Nurkeldi.Temirbaev@kazakhmys.kz.**

Ықпал ету аумағы мен қоғамдық тыңдаулар өтетін аумақ: Қарағанды облысы, Ақтау кенті, МОСО мәдениет үйі.

Жоспарланған қызмет бастамашысы: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС. Өкілі: У.Токанов, тел.: 8 (701)-269-87-64, А.А. Усманова, тел.: 8(7212) 95-71-35.

Жобалар бойынша материалдар сайтта орналастырылған: ecoportal.kz және https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/press?lang=ru.

Жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстар ecoportal.kz сілтемесі бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Жоспарланған қызмет, қоғамдық тыңдаулар өткізілуі туралы қосымша ақпаратты, сонымен қатар жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін **Nurkeldi.Temirbaev@kazakhmys.kz** эл.мекенжайы, 8 (777) 275 79 69 телефон нөмірі бойынша сұратуға болады.

Тіркеу қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 15 минут бұрын жеке куәлікті ұсынумен жүргізіледі.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Онлайн қосылуға сілтеме:

**https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys-ru/j.php?MTID=m76d261bfc8af2bf7a0a411d703362daa**

Конференция идентификаторы: 2513 574 3246

Кіру коды: 123456zZ

## ОБЪЯВЛЕНИЕ
### (общественные слушания)

ТОО «Корпорация Казахмыс», сообщает, что 25 июля 2023 года в 15:00 часов по адресу Карагандинская область, п. Актау, дом культуры КДЦ, улица Карла Маркса, 5 состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проектам:

1. «Проект нормативов допустимых выбросов (НДВ) загрязняющих веществ в атмосферу для месторождения Нурказган-Саз филиала ТОО «Корпорация Казахмыс» - ПО «Карагандацветмет» на период 2023-2032 годы»,

2. «План горных работ отработки запасов месторождения Нурказган-Саз для нужд Нурказганской ОФ».

Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация Казахмыс», Представитель: Темирбаев Н.Ж., контакты 8(777) 275 79 69, эл. адрес: **Nurkeldi.Temirbaev@kazakhmys.kz.**

Территория воздействия и территория на которых будут проведены общественные слушания: Карагандинская область, п. Актау, дом культуры КДЦ.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Корпорация Казахмыс». Представитель: Токанов У. Р. тел. 8 (701) - 269-87-64, Усманова А. А. тел. 8(7212) 95-71-35.

Материалы по проектам размещены на сайте: **ecoportal.kz и https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/press?lang=ru.**

Замечания и предложения по проекту принимаются по ссылке ecoportal.kz в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по эл. адресу:

**Nurkeldi.Temirbaev @kazakhmys.kz,** тел. 8 (777) 275 79 69.

Регистрация производится за 15 минут до проведения общественных слушаний при предоставлении удостоверения личности.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Ссылка на онлайн подключение:

**https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys-ru/j.php?MTID=m76d261bfc8af2bf7a0a411d703362daa**

Идентификатор конференции: 2513 574 3246

Код доступа: 123456zZ

Д


● ЖАЗ ҚЫЗЫҒЫ

# «Ойын ойнап,ән салмай...»

**Жазғы демалыста балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында Абай аудандық мәслихатының депутаты Әдемі Әбдиева басқаратын Топар кентіндегі «Энергетиктер» Мәдениет үйінің қызметкерлері түрлі іс-шаралар жоспарлады.**

**Ержан ИМАШ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Олар өткен аптада аудандық орталық аурухана мен жергілікті кітапхана мамандарымен бірлесе отырып, кенттегі үш мектептің жанындағы жазғы лагерьлердегі оқушылар үшін «Бекеттер» ойынын ұйымдастырып, өткізді.

Бұл ойынға балалар белсене қатысып, қызығушылықтары арта түсті. Оларды әр бекетте «Салауатты өмір салты», «Әдеби», «Спорттық», «Қолөнер», «Музыка» тақырыптарындағы ойындар күтіп тұрды. Онда оқушылардың қимыл шапшаңдығы мен ой ұшқырлығы таразыға түсіп, сарапталды.



Қызықты ойындар соңында оған белсене қатысқан оқушылар марапатталып, «Топар ГРЭС-індегі «Еңбек» кәсіподақ ұйымының төрағасы Светлана Валерьевна оларға дайындап әкелген тәтті-дәмді сыйлықтарын табыс етті. Атап өтерлігі, ол осындай шаралардың бәріне қолдау көрсетіп отырады.

**Абай ауданы**

# Әрі пайдалы, әрі қызық

**Бұл күндері балалар жазғы демалыстарын ата-аналарының қалауына қарай көңілді өткізуде.**





Қарағанды қаласындағы Әлихан Бөкейхан ауданындағы №53 мектеп-лицейі жанындағы «Қуаныш» жазғы алаңы (лагерь) 6-12 жас аралығындағы жеткіншектерді қабылдап, бірінші маусымда 5 топ ашылып, барлығы 134 бастауыш сынып оқушылары бос уақытын қызықты өткеруде. Мұнда алдын ала әзірленген бағдарлама арқылы бастауыштың ұл-қыздары ұстаздарымен бірге кеншілер шаһарындағы кинотеатр, облыстық тарихи өлкетану музейі, бассейн, музкомедия және қуыршақ театры қойылымдарын тамашалады. Сонымен бірге жас өрендер Қарағанды қаласындағы №7 өрт сөндіру бөліміне барып, тілсіз жаудың алдын алуға байланысты мағлұматқа қанығып, Жаңа Майқұдық мәдениет үйіндегі №12 кітапхана бөліміне қонаққа барды. Осындағы кітап әлеміне саяхат жасау барысында 13 жасқа дейінгі балаларға арналған ақын-жазушылардың шығармалары кітапхана ұжымы тарапынан кішкентай оқырмандар назарына ұсынылды.

№53 мектеп-лицейінің тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Әсемкүл Имантүсіпова, Алина Имаева оқушылардың жазғы демалысын балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, танымдық қабілеттеріне қарай жоғары деңгейде ұйымдастыруда.

**Дархан УӘЛИЕВ,**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі**

● ЭКСКУРСИЯЛЫҚ ТУР

# Бар жақсылық – балаларға

**Теміртау мәдени-демалыс клубтарының тәрбиеленушілеріне үш күндік экскурсиялық тур ұйымдастырылып, Астана қаласына және Бурабай курорттық аймағында жазғы демалысын тиімді өткізуге мүмкіндік берілді.**

**Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан жүз бала Астанадағы океанариумға, Ұлттық мұражайға және Бурабай ұлттық саябағына барды.

Жас саяхатшылар екі күнді «Лесная сказка» балалар лагерінде өткізді. Онда ойын-сауық бағдарламасы ұйымдастырылды.

– Осы демалыста керемет әсер алдық, бәрімізге ұнады. Әсіресе, лагерьде өткізген екі күніміз ерекше болды. Тәлімгерлер бізді бір сәтке де жалықтырмай, демалысымызды қызықты етіп өткізді. Бұл сапарымыз ұзақ уақыт есте қаларлықтай болды, – деп ойын бөлісті 11 жасар Аида Құрман.

Сапар мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында ұйымдастырылды.

«Биыл алғаш рет мұндай сапар «Балалардың мәдени-демалыс клубтарында бос уақытты ұйымдастыру» мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында жүзеге асты. Жоба жазғы демалыс кезінде балалардың демалысын пайдалы әрі белсенді өткізуге бағытталған. «Jastar даму орталығы» қоғамдық бірлестігімен шарт жасалды. Болашақта балалардың жазғы демалысын пайдалы етіп өткізуді жоспарлап отырмыз», – деп хабарлады Теміртау қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі.

● БИЛЬЯРД

# Баспасөз баһадүріне арналған турнир

**Қарағандыда БАҚ қызметкерлері күні мерекесіне орай алғаш рет бильярдтан облыс журналистері арасында Нұрмахан Оразбек атындағы І аймақтық турнир өтті. Тың бастама «Saryarqa Aqparat» ЖШС-нің ұйымдастыруымен өткізіліп, оған аймақтағы БАҚ саласында қызмет ететін журналистер қатысты. Аталмыш турнирге «Қоржынкөл-А» ЖШС-ның Бас директоры Әбілқайыр Ошақбаев демеушілік жасады.**

***Жан АМАНТАЙ,***
«Ortalyq Qazaqstan»

Жалпақ жұртқа, оның ішінде ұлт баспасөзіне аты мәшһүр Нұрмахан Оразбековті білмейтін ел кемде-кем. Неге десеңіз, ол бір ғана «Ortalyq Qazaqstan» газетінде Бас редактор қызметін атқарған кезеңінде қалың жұртшылыққа қайтпас қайсарлығын, беттілігі мен жігерін танытты. Бұл туралы бильярд турниріне келген Қазақстанның Құрметті журналисі Әли Тойжігіт айтты.

– Осы «Ortalyq Qazaqstan» газетіне бас редактор болып тұрған шағында елдің бәрі Компартиядай құдіреттің ұраны «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» дегенді жаңажылдық нөмірде қазақтың «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ!» деген мәтеліне ауыстырды. Ал, кейін ол кісіге облыстық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы хабарласып, «мұныңыз қалай?» дегенде Нұрекең оған диалектика жөнінде лексика оқып, заманның өзгергенін алға тартып, ұранның да өзгеруі тиістігін жеткізген. Міне, басшы һәм ұжым жетекшісі деп осындай азаматтарды ауыз толтырып айтуға болады. Ал, мұндай танымал тұлға атына қандай шара ұйымдастырылса да жарасымды, – деді Әли Тойжігіт.

Расында атына турнир өтіп, атағына ат кідіретін қаламы қарымды журналистер Арқа өңірінде баршылық. Нұрмахан Оразбектің бірбеткейлігін, оның журналистік қарымын сол кезеңдері әріптес әрі үзеңгілес болған Владимир Рыжков баяндады.

– Мен ол адамды журналист, нағыз өз ісінің маманы ретінде мойындаймын. Журналистиканың майталман ардагері деп айтуға тұрар жан. Нұреке деуші едім өзін. Оның көзінің тірісінде қаламы арқылы қоғамға тигізген пайдасы біршама. Оның жалғыз қаруы қаламы болды. Мамандығын меңгеріп, оның пайдасын елге сіңірген жандар кемде-кем. Ондай тарихи тұлғалар аты дәстүрлі түрде жаңғыруы заңдылық, – дейді Владимир Рыжков.

Иә, шарапатты шараның Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі қаламгер, танымал журналист Нұрмахан Оразбектің есімін ұлықтау әрі журналистер арасында бильярдты дәріптеу мақсатында ұйымдастырылып отырғандығын «Saryarqa aqparat» ЖШС директоры Қайрат Әбілда турнир басында мәлімдеді.

– Нұрмахан Оразбеков 1988-1991 жылдар аралығында облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің редакторы болған. Сол уақытта «Орталық Қазақстан» газеті қарқынды дамып, үлкен өзгерістер орын алды. Әділетті адам. Мықты редактор. Қарымды қаламгер. Біз сол кісінің құрметіне бірінші мәрте облыстық деңгейде турнир өткізіп тұрмыз. Болашақта бұл турнирді дәстүрлі түрде өткізуге тырысамыз, – деді Қайрат Жүнісұлы.

Сонымен турнир басталды. Бұл турнирге тіпті Серік Сексенов, Сүйіндік Жанысбай секілді Арқа журналистикасының ардагерлері де келді.

Ойын басталмас бұрын қарсыластарды облыстық бильярд спорт федерациясының вице-президенті Мұхаммет Қайырбеков жеребе тарту арқылы анықтады. Бұл журналистер арасындағы бильярдтан алғашқы турнир болса да жергілікті БАҚ өкілдерінің қарқыны өте жақсы еді.




Осылайша турнирдің І орыны «Ortalyq Qazaqstan» газетінің сайт редакторы, ақын Ілияс Мұқайға бұйырды. ІІ орынды – Қазақстан Журналистер одағы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Жәнібек Садықанов алды. Ал, ІІІ орын – «Индустриальная Караганда» газетінің ардагер фототілшісі Валерий Петуховтің шеберлігіне бұйырды. Сонымен қатар, Журналистер одағы облыстық филиалының арнайы сыйлығын Сүйіндік Жанысбай мен Қуаныш Аманқұлов иеленді. Ардагер журналист Әли Тойжігіттің өз атынан тіккен «Көрермен көзайымы» сыйлығы журналист Мақсат Бейсенаевтың қанжығасына байланды.

Суретті түсірген
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

● ФУТБОЛ

# «Шахтер» балаларға шаттық сыйлады

**Қарағандылық «Шахтер» футбол клубының ойыншылары жергілікті балалар үйі тәрбиеленушілеріне арнап мерекелік шара ұйымдастырды. Оған қалалық балалар үйінен 200-ге жуық бала қатысты. Бұл бастама UEFA-ның «Футбол және қоғамдық жауапкершілік» атты арнайы бағдарламасы аясында өтті.**

«Шахтер» жаттықтырушылары алдымен кішкене жеткіншектер арасында конкурстар өткізді. Оларға «Шахтер» футбол клубының жеңістерімен түрлі елдерге барған сапарлары туралы баяндады. Сонымен қатар, спорттың денсаулық кепілі екенін жеткізді. Бұдан кейін жас балалар «Шахтер» стадионында футбол ойнады.



● ДЗЮДО

# Жігердің жеңісіндей жеті медаль

**Дзюдодан Grand Slam сериясы бойынша Астанада өтіп жатқан әлемдік дода мәреге жетті. Татамидегі тартыста Қазақстан командасы жеті медаль жеңіп алды.**

Дүбірлі додаға әлемнің түпкір-түпкірінен кіл мықты балуандар жиналды. Бұлсында 60 келіге дейінгі салмақта Мағжан Шамшадин алтын алды. Күміс медаль 66 келіде белдескен Ғұсман Қырғызбаевқа бұйырды. Ал, үздік үштікті қорытындылап қола алғандар қатарында Данияр Шамшаев, Асқар Наркұлов (екеуі де 73 келіге дейін), Ислам Бозбаев (100 келіге дейін), Ғалымжан Қырықбай (100 келіден астам), Ақерке Рамазанова (78 келіден астам) бар.



● БОКС

# Головкин чемпиондықтан бас тартты

**Бокстан IBO нұсқасы және WBA Super және IBF тұжырымдары бойынша экс-чемпион Геннадий Головкин барлық чемпиондық белбеулерінен ресми түрде бас тартты. GGG өзінде қалған IBO соңғы белдігін иесіз деп жариялады.**

Халықаралық бокс ұйымының президенті Эд Левин аталған чемпиондық белдіктің бос екенін мәлімдеді. Айта кетелік, бұған дейін Геннадий Головкин WBA Super және IBF тұжырымдары бойынша чемпиондық белдіктерден бас тартқан еді. Осылайша, қазақстандық ардагер боксшы бұдан былай әлем чемпионы саналмайды. Геннадий Головкин кәсіби бокста 45 кездесу өткізіп, 42 кездесуде жеңіске жеткен болатын.



Дайындаған
**Жан АМАНТАЙ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

● ФЕСТИВАЛЬ

# Өн бойына өнер тұнған өрендер

**Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы 4-18 жас аралығындағы балалар үшін облыстық «BOLASHAQSTAR KZ» балалар шығармашылығы фестивалінің би, ән, театр, аспаптық, шешендік, бейнелеу және сәндік-қолданбалы өнер, дизайн және модельдеу бағыттары бойынша ІІ айналымын ұйымдастырды.**

Фестиваль екі аталым аясында өтті. Атап айтсақ, Қарағанды бейнелеу өнері мұражайындағы көрме мен К.Станиславский атындағы облыстық орыс драма театрында өткен гала-концерт. Көрмеге «Тоғжан», «Индиго», «Өнер» және басқа да шығармашылық орталық оқушыларының туындылары қойылды. Туындылардың әрқайсысы ерекше бағаланып, жиналған қауымға қайталанбас әсер сыйлады. Көрмеге қатысушы «Тоғжан» Мақатаевтың «Отан» атты өлеңін оқып жиналған қауымның қошеметіне ие болды. Екі аталымда барлық қатысушы ынталандыру сыйлығымен марапатталды.

– Көрмеге қатысқан өнер иелері мен спортшылар және жеке шығармашылық орталықтар өз өнерін ортаға салды. Атап айтсақ, суреттер, қолданбалы және сән өнерлері және «Аврора» сән театрының киім топтамалары ұсынылды, – дейді облыстық



шығармашылық орталығы «Салкүрең» күйін орындаса, «Жібек жолы» С.Маршактың «Багаж» атты қойылымын көрермен назарына ұсынды. Ал, Теміртау қаласынан келген «Қарақат» шығармашылық орталығынан қатысқан балалар дәстүрлі ән айтты, би биледі және Мансұр Жалғаубай Мұқағали бейнелеу өнері музейінің басшысы Бибігүл Құдабаева.

**Алданыш ОЛЖАБАЕВА,**
**Е.Бөкетов атындағы**
**Қарағанды уиверситетінің**
**ІІ курс студенті**

● МЕРЕЙ

# Ұлы өнерді ұлықтаған құсбегі

**Шет аудандық археологиялық-этнографиялық мұражайында этнограф, құсбегі, саятшы, халықаралық «Салбурын» құстармен аң аулау турнирінің ұйымдастырушысы Тілеуғабыл Есенбекұлының 80 жылдығына орай танымдық кездесу өтті. Іс-шараның ұйымдастырылуына Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану мұражайы және Шет аудандық археологиялық-этнографиялық мұражайы мұрындық болды.**



**Нұрдос КӘРІМ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

«Құсбегілік өнер – күллі қазаққа ортақ қазына» атты Тілеуғабыл Есенбекұлымен өткен кездесуге мәдениет қызметкерлері, аңшылар мен бүркітшілер, мерейтой иесінің достары мен шәкірттері, аудан ақсақалдары, студенттер қатысты.

– Жас кезімнен құсбегілікке қызықтым. Бүгінде ол ұлттық спорт түріне айналды, жыл сайын үлкен жарыстар өтеді. Кездесуде ұстазымыздың өмірі мен шығармашылығы, халықаралық деңгейдегі жарыстар туралы айтылды. Мұндай іс-шаралар өскелең ұрпақ үшін маңызды, – дейді Тілеуғабыл Есенбекұлының шәкірті Тұрсын Жағыпаров.

Сонымен қатар, мерейтой аясында Шет аудандық археологиялық-этнографиялық мұражайында «Қыран құстың қанаты талмас» көрмесі ұйымдастырылды.

– Біздің экспозицияда көптеген жәдігерлер, құс шаруашылығы заттары ұсынылған, сондай-ақ, облыстық тарихи-өлкетану мұражайының экспонаттары бар. Құсбегілік – қазақ халқының ортақ игілігі, – деп атап өтті Шет аудандық археологиялық-этнографиялық мұражайының директоры Салтанат Қамытбаева.

Айта кетейік, Тілеуғабыл Есенбекұлы 1943 жылы Шет ауданында дүниеге келген. Алғашқылардың бірі болып «Салбурын» халықаралық турнирін ұйымдастырған. Өмірінің 30 жылын бүркітшілікке арнаған жан тәуелсіздік алғаннан соң атадан мирас болған өнердің қайта түлеуіне атсалысқан. Австрияға дейін барып, еуропалықтарға қазақтың құсбегілік өнерін паш етті. Тілеуғабыл Есенбеков Арқа жерінде бүркітшілер мектебін қалыптастырды. Оның мұражайға тапсырған дүниелерінің арасында тұғыр, томаға, балақбау, жемсаптаяқ пен фотосуреттер бар.

**Шет ауданы**

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
**МЕНШІК ИЕСІ:** «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары – «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы – **О.В. МЯГКИХ**
Директордың орынбасары – **Г.Ш. ЖҰМАДІЛДИНОВА**

Бас редактор – **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары – **Н.С. ДҮТБАЙ**
Сайт редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы м.а. – **Ж.Қ. ШАЛҚАР**

**Телефондар:**
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

**Меншікті тілшілер:**
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген Ⓡ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
**Мекенжайымыз:** 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

**Электрондық пошта:** ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

**Газет жеткізілмесе**
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 5 885
№68
тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.
**Бағасы келісім бойынша**
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
**Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.**
**Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.**
Кезекші редактор **Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ**